

QAZAQ

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№11 (1793)
20 наурыз
2021 жыл

YUNIVERSITETI

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Құрметті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің оқытушы-профессорлары, студенттері, магистрант, докторанттары!

Сіздерді Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстанның тұңғыш Президенті-Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Халқымыз ұлы күнге балаған, жыл басы санаған жасампаз Наурыз – бірлік пен мереке мейрамы. Қайта жаңарған Наурыздың тарихы – біздің тәуелсіздігіміздің тарихы! Біз көне тарихымыздан күш-қуат алып, тәуелсіздік туралы өз арманымызды жүзеге асыра алдық» деп айтулы күнге айрықша баға берген еді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел» деп атап өтіп, өз Наурызға жаңаша көзқарас қажеттігін жеткізген еді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бұлжытпай орындалып, «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасы» бекітілді.

әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті тұжырымдамада көрсетілген бастамаларды бірден іліп әкетіп, Наурыз мейрамына арналған іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында онлайн өткізуді жоспарға енгізді.

Қазіргі сәтте «Көрісу күні», «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні», «Жоралғы күні» санитарлық талаптарды ескере отырып, қашықтықтан жүзеге асуда.

«Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына да қолдау білдіріліп, 170 қырым қарағайы мен Тянь-Шань шыршасы сатып алынды. Әрбір атаулы күндердің мән-мағынасы мен мақсатына маңыз беріліп, халықтық сипат алғаны рухымыздың мықтылығын, бірлігіміздің беріктігін көрсетеді.

Осынау игі шараға атсалысқан оқытушы-профессорларға ұжым қызметкерлеріне, студент жастарға мол ризшылығымды білдіремін!

Құрметті әріптестер, білім алушылар!

Ұлыстың ұлы күні өз Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Жыл басы жаңаның хабаршысы, жақсылықтың жаршысы болып, әрқайсыңызға ырыс-несібесімен, бақ-берекесімен келсін!

Тәуелсіздік алғанына 30 жыл толған елімізге ырыс-құт, жерімізге тыныштық тілеймін!

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы – ректор
Жансейіт Қансейітұлы ТҮЙМЕБАЕВ



Al-Farabi Kazakh National University

The QS Intelligence Unit has, through rigorous and independent data collection and analysis of performance metrics as set out in the QS Stars™ methodology, rated AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY as a Five Stars institution.



The QS Stars™ rating system is operated by the QS Intelligence Unit, the independent compiler of the QS World University Rankings™ since 2004. The system evaluates universities across a wide range of important performance indicators as set against pre-established international standards. By covering a broader range of criteria than any world ranking exercise, QS Stars™ shines a light on both the excellence and the diversity of the rated institution.

CATEGORY	STAR RATING
Teaching	★★★★★
Employability	★★★★★
Research	★★★★★
Internationalisation	★★★★★
Facilities	★★★★★
Arts & Culture	★★★★★
Innovation	★★★★★
Modern Languages	★★★★★
Overall	★★★★★



Ben Sawyer - Head of QS Intelligence Unit

QS Stars™ - © 2020 QS Intelligence Unit is a division of QS Quacquarelli Symonds Ltd. INTELLIGENCEUNIT

ҚАЗҰУ QS STARS «5 ЖҰЛДЫЗ» БАСЫМДЫҚ БЕЛГІСІНЕ ИЕ БОЛДЫ

Quacquarelli Symonds (QS) беделді халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары баға алып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. ҚазҰУ – «Бес жұлдыз» марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны.

Британдық QS компаниясы жүргізген аудит университеттерді төрт негізгі топ бойынша бағалайды, оның құрамына 50-ден астам көрсеткіштен тұратын 12 кіші топ кіреді. Бұл университет қызметінің кең ауқымдығын және оның жоғары халықаралық стандарттарға сәйкестігін дәлелдейді. Аудитке қатысатын әрбір кіші топ бойынша ЖОО-на бір жұлдыздан бес жұлдызға дейін баға беріледі, одан кейін жалпы рейтингтік балл шығарылады. Британдық QS компаниясының кешенді бағалау нәтижелері бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірқатар көрсеткіштерге, атап айтқанда – оқу процесі; жұмысқа орналасу мүмкіндігі; зерттеулер; интернационалдандыру; қызмет көрсету; өнер және

мәдениет; инновация; заманауи тілдер бойынша өте жоғары балл алып, ең жоғары «Бес жұлдыз» марапатына ие болды.

QS «Бес жұлдыз» белгісін иелену әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-білім беру саласындағы халықаралық қауымдастықтарда беделі бар екендігін және жаһандық ғылыми-білім беру кеңістігінде көшбасшылық позицияларды көрсетіп отырғанын білдіреді. Басымдылық жұлдыздары университеттің мықты тұстары мен артықшылықтарына назар аудартып, оның серіктестеріне, білім беру саласындағы халықаралық сарапшыларға, шегелдік, сондай-ақ отандық талапкерлерге оқуға түсу үшін ЖОО таңдау кезінде бағдар береді.

Жалғасы 2-бетте

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАР
МАРАПАТТАЛДЫ



2-бет

КАЗНУ БУДЕТ
СОТРУДНИЧАТЬ С
ВУЗАМИ ЕГИПТА



3-стр.

НАЗАР
АУДАРЫҢЫЗ,
БАЙҚАУ!

16-бет



«Абай әлемі»
ғылыми байқауы
Студенттер арасындағы
1 сәуір – 1 шілде (2021)
ІІ және ІІІ сатылы жас категориясы бойынша
Сыйақы қоры
Студенттер арасындағы: І саты - 100 000т.т. (1 жұлдыз), ІІ саты - 200 000т.т. (2 жұлдыз), ІІІ саты - 300 000т.т. (3 жұлдыз)
Магистранттар арасындағы: І саты - 100 000т.т. (1 жұлдыз), ІІ саты - 200 000т.т. (2 жұлдыз), ІІІ саты - 300 000т.т. (3 жұлдыз)
Директор: ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тел: +7 7172 23 23 23

ҮЗДІК ОҚЫТУШЫЛАР МАРАПАТТАЛДЫ

Жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлық құрамын ынталандыру, көтермелеу мақсатында ҚР Білім және ғылым министрлігі жыл сайын ұйымдастыратын «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2020» конкурсының жеңімпаздары анықталды. Марапаттау рәсімі карантиндік шараларды сақтау талаптарына сай «ZOOM» жүйесінде өтті. Шараға ҚР Білім және ғылым министрі, жоғары оқу орындарының басшылары мен ұстаздары қатысты.



Байқауда оқытушылардың қызметі жан-жақты сарапталып, негізінен сабақ беру сапасы мен ғылыми-зерттеу қызметі тұрғысынан баға берілді. Ақтық кезеңде үміткерлердің жұмыстарын тексеру үшін республикалық сараптамалық комиссия құрылып, оның құрамына ҚР БҒМ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі «Adal Bilim» жобалық кеңсегінің қызметкерлері, ғалымдар мен оқытушылар, сондай-ақ өткен жылдардағы «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» байқауының иегерлері кірді. Оның нәтижесі бойынша 150 оқытушы үздік деп танылды, олардың 18-і Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ұстазы. Байқау жеңімпаздарының әрқайсысы 5 834 000 теңге көлемінде грантқа ие болды.

Іріктеу нәтижесінде ҚазҰУ-дың «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы - 2020» байқауының жеңімпаздары анықталды: математика кафедрасының аға оқытушысы Серик Айтжанов, плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының доцент м.а. Нүрия Бастықова, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының доценті Гүлжан Беделова, биотехнология кафедрасының аға оқытушысы Рамза Бержанова, молекулалық биология және генетика кафедрасының профессоры Амангелді Бисенбаев, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының

меңгерушісі, доцент Алина Галева, экономика кафедрасының профессор м.а. Ғалия Даулиева, жалпы және қолданбалы психология кафедрасының аға оқытушысы Манзура Жолдасова, информатика кафедрасының аға оқытушысы Сымбат Қабдрахова, химиялық физика және материалтану кафедрасының профессор м.а. Вақытжан Лесбаев, жалпы және бейорганикалық химия кафедрасының доценті Илона Матвеева, Қазақстан тарихы кафедрасының профессор м.а. Талғат Мекебаев, география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының меңгерушісі, профессор Гүлнар Нүсіпова, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы Ернар Оңалбеков, қатты дене және бейсызық физика кафедрасының профессор м.а. Ахмет Сайымбетов, метеорология және гидрология кафедрасының профессоры Виталий Сальников, әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының PhD докторы Сәбира Серікжанова, қылмыстық құқық және іс жүргізу, криминалистика кафедрасының доценті Әсел Шарипова болды.

ҚазҰУ-дың ғылыми кеңес залында конкурс жеңімпаздарына «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2020» төсбелгілері салтанатты түрде тапсырылды.

Қайыржан ТӨРЕЖАН

■ QYSQA-NUSQA

Almatyda jyl сайын ötkiziletin respublikalyq japon tilindegi şeşendik öner saıysy ötkizilip, oğan Qazaqstan JOO 16 üzdik studentı qatysyp baq synasty. Köktemniñ alğashy aına arnalğan дәstürli tildik saıys Japonia men Qazaqstan arasyndağy tyğyz diplomatıalyq, dostyq, özara ynmaqtaстыq qarym-qatynastyñ bir aıǵağy ispettes.

Saıysqa Japonıanyñ Qazaqstandağy Tötense және ökiletli elşısı Tasuhiko Kasai, Qazaqstandağy japon käsıperleri qauymdastyğynyñ tórağasy Kazama Tasuia, Qazaqstandağy japon qauymdastyğynyñ tórağasynyñ orynbasary Usumi Öshiro және japon tılı oqytusylary ädil qazylyq etti.

Şeşendik öner saıysynyñ bas juldesi – Japonıağa joldamany QazÜU-dyñ 3-kurs studentı Juasbai Nürşat «Obal bolady» degen taqyrybymen ielendi.

II-oryndy Almaty qalasyndağy Qazaqstan-Japonia adam resurstaryn damytu ortalyğynyñ tyndausysy A. Panfilı jeñip alsa, III-oryn Abylai han atyndağy QazHQjÄTU studentı A. Jumageldınağa berildi. IV-oryndy L.N. Gumilev atyndağy EÜU studentı A.Muratkalieva ielense, äl-Farabi atyndağy QazÜU studentı N.Serikbekova V oryndy jeñip aldy. VI-oryn Almaty qalasyndağy Qazaqstan-Japonia adam resurstaryn damytu ortalyğynyñ tyndausysy S. Orazbaevqa berildi. Batyrhan Qürmanseit atyndağy arnaiy jülde Abylai han atyndağy QazHQjÄTU studentı A. Baidibekovağa tapsyryldy.

Saıys üzdikterine Japonıanyñ «Silk road» qoğamdyq üiymynyñ qoldauymen jaryq körgen japon tilindegi «Abai» kitabı tartu etildi. Sondai-aq saıysqa qatysqan barşa ümitkerlerge Qazaqstandağy Japonia Elşılıǵı, Japonıanyñ Sukuba universiteti daiyndağan yntalandyru syilyqtary tabystaldy.

Baiqauda Qazaqstandağy japon käsıperler qauymdastyğy, Qazaqstandağy japon qauymdastyğy, Qazaqstan-Japonia adam resurstaryn damytu ortalyğy, Japonıanyñ Sukuba Universiteti, Japonıanyñ «Silk road» qoğamdyq üiymy, Sony Electronics kompaniasy, Qazaqstandyq «New & Rare Resources» jauapkersılıǵı şekteuli senktestigi qoldau körsetti.

Äl-Farabi atyndağy QazÜU-dyñ Şyğystanu fakülteti Türksöi kafedrasyn men Türkia Respublikasynyñ Almatydağy bas konsuldyğy janyndağy Türkia Respublikasyn bilim ministrliğine qarasty bilim elşılıǵynyñ üiymdastyruymen aǵymdağy jyldyñ 15 nauryzynda jyl сайын ötetin дәstürli «Türk tılı және мәдениеті» aptalyğynyñ aşlyu saltanaty ötti.

Aşlyu saltanatyna Türkia Respublikasynyñ Almatydağy bas konsuly A.R.Akynjy, Nürsültan qalasyndağy Türkia Respublikasynyñ elşılıǵı janyndağy Bilim jöndepke keñessı A.Chetin, Türkia Respublikasynyñ Almatydağy bas konsuldyğy janyndağy bilim keñessısı M.Ağyrman, fakültet dekany Yqtıar Paltöre, kafedra meñgerusısı Ümit Qydyrbaeva qatysty. Jeren Kabadaıy moderatorlyq qyzmet atqardy.

«Türk tılı және мәдениеті» aptalyğynyñ maqsaty studentterdiñ alğan bilimderin şyñdai otyryp Türkıanyñ tarihy, мәдениеті, tılı men әdebietin keñımen nasihattau.

Aptalyqtyn alğashy küni, üiymdastyruşylar men studentterdiñ, qonaqtardyn prezentasialary körsetildi. Nurettin Chakyr aptalyqtyn mañyzy turaly söz söylep ötti. Sondai-aq, Aqnür Haleb «Oqy, oqy және oqy» atty türk tilinde oqu baiqaun habarlady.

Aptalyq barysynda, arnaiy spikerler türlü taqyrypta дәnister oqlady: İlker Selimler «Ebru - su öneri»; Elmira Montanai öz şäkirtterimen «Türkıanyñ örkenieti»; Nurettin Chakyr «Türkiler turaly»; Serhat Süral «türk muzykasy turaly». Aptalyqtyn birinşi küngi baiqau qorytyndylaryn 19 nauryz küni jabylyu saltanatyna jarialaityn bolady.



Ректор КазНУ имени аль-Фараби Жансеит Туймебаев принял участие в научно-практической конференции «Вклад Абу Насра аль-Фараби в Исламскую цивилизацию», организованный Исламской Академией наук. Мероприятие, в котором приняли участие известные фарабиеведы, философы и ученые, прошло в Египте.

КАЗНУ БУДЕТ СОТРУДНИЧАТЬ С ВУЗАМИ ЕГИПТА



«В настоящее время мы заинтересованы развивать новые связи в области образования, науки и просвещения. Наш университет с 1991 года носит имя Абу Насра аль-Фараби и достойно представляет его на мировом уровне. Мы нацелены расширить пространство научно-образовательного сотрудничества, академической мобильности, выйти на качественно новый уровень и стать передовым исследовательским центром», – подчеркнул глава вуза в своем выступлении. Жансеит Туймебаев также отметил, что конференция станет стимулом для активного развития сотрудничества между государствами.

На конференции также выступили известные ученые-фарабиеведы, которые отметили значение наследия Абу Насра аль-Фараби для сближения цивилизаций и различных культур, а также актуальность его философских воззрений в век глобализации.

Гүлжан МЕДЕТ

мамлюков. Управляя государством, он внес вклад в развитие науки и образования.

Ректор подчеркнул, что Египет 30 лет назад одним из первых арабских стран, признал независимость Казахстана. С 1992 года между двумя странами развиваются дипломатические, экономические отношения и культурно-социальные сферы.

Приветствуя участников конференции, ректор КазНУ поблагодарил организаторов и отметил значимость и большой вклад в развитие философской мысли ученых Востока: Абу Насра аль-Фараби, Аль-Хорезми, Ибн Сины, Аль-Бухари и многих других.

Символично, что мероприятие состоялось на египетской земле, которое связано с именем Султана Бейбарса, славного предка из Дешт-и-Кипчака. Султан Бейбарс не только защитил Египет и земли Сирии от врага, но и установил власть



ҚАЗҰУ QS STARS «5 ЖҰЛДЫЗ» БАСЫМДЫҚ БЕЛГІСІНЕ ИЕ БОЛДЫ

Жалғасы. Басы 1-бетте

QS Stars жүйесі егжей-тегжейлі талдау жүргізу және ауқымы кең деректерді ұсыну арқылы, терең бағалауды қамтамасыз етеді. QS «Бес жұлдыз» марапатын алған ҚазҰУ өзінің білім беру бағдарламалары мен зерттеулерін ілгерілетудің, бәсекеге қабілеттілікті арттырудың тағы бір құралына қол жеткізді.

Айта кету керек, Орталық Азия елдері мен Қазақстанда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан басқа QS Stars-тің бес жұлдызын бірде-бір университет алмаған. QS Stars «Бес жұлдыз» марапаты бүкіл әлем бойынша тек 62 ЖОО ғана берілген, олардың ішінде QS WUR халықаралық жаһандық рейтингінің әлемдік үздік топ-5, топ-10 және топ-20 қатарына кіретін Гарвард, Оксфорд, Кембридж, Чикаго, Принстон, Колумбия университеттері бар.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұжымын QS Stars Rating System халықаралық рейтингінде «5 stars» жоғары марапатын алуымен құттықтаймыз!

Өз тілшімізден

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында Наурыз мейрамын мерекелеу тұжырымдамасын әзірлеуді және көктемгі мерекенің мазмұнын байытуды тапсырды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 14-23 наурыз аралығында ЖОО-да өтетін Наурыз-мейрамын кең ауқымды мерекелеудің бірегей тұжырымдамасын ұсынды.

«Наурыз мейрамының негізгі мақсаты – Қазақстан жерінде бейбітшілік пен достықты нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, отбасылық құндылықтарды дәріптеу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды қалыптастыру», - деп атап өтті Мемлекет басшысы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласында. Мерекелік іс-шаралар жоспарын дайындай отырып, университет басшылығы мен іс-шараларды ұйымдастырушылар осы ауқымды міндеттерді ұстанды.

ЖОО-да мерекелік онкүндік 14 наурызда «Көрісу күні» шарасынан басталады, оның барысында студент жастар барлығын Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, мерекенің мәні туралы айтып

Дәстүр сабақтастығы

береді. Терең тәрбиелік мәні бар бұл ежелгі дәстүр мейірімділік, сабырлық, махаббат сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды дәріптейді.

Екінші маңызды іс-шара – 16 наурызда өтетін Шежіре күні. Бұл күні тамыры ғасырларға тереңдеген ұлт тарихымен сабақтас шежірелік танымның жастар тәрбиесіндегі тағылымдық мағына-маңызы байыпталып, ұлт болып қалыптасудағы ел-жұрт тарихының аңызы мен ақиқаттық мәні айқындалады.

ҚазҰУ-дың тарих факультеті 17 наурызда Тарихқа тағзым күнін өткізеді. Оның аясында тәуелсіздік идеяларын халық арасына таратып, азаттық жолында құрбан болған Алаш қайраткерлерінің қызметіне арналған «Тарихқа тағзым: Жаңару мен жаңғыру» атты республикалық дөңгелек үстел ұйымдастырылады.

Университеттің барлық ғалымдары мен профессорлары қатысатын Зияткерлік күні 20 наурызға белгіленген. Негізгі мақсат – жас ұрпақты дұрыс ойлауға, білім алуға және өзінің зияткерлік мүмкіндіктерін барынша дамытуға бағыттау. Ғалымдар халық мақал-мәтелдерін, жұмбақтар мен өлеңдерді,

дастандар мен поэмаларды жаттаудың, есте сақтаудың құпиялары мен тәсілдерін ашып береді. Сондай-ақ тілдерді үйрену және зияткерлікті дамыту техникасы мен әдістері туралы, жастардың ой-өрісі мен физикалық дамуына ықпал ететін қызықты ұлттық ойындар туралы айтады.

Сол күні «Алтын сапа» пікір-сайыс клубы онлайн форматта өзге ұлт өкілдері арасында «Мен қазақша сөйлеймін!» атты байқау дебатын ұйымдастырады.

22 наурыз күні Шығыстану факультеті Наурыз мейрамын өткізеді. Шығыстану факультетінің оқытушылары қазақ, түрік, араб, парсы тілдерінде бейнеқұттықтаулар жасайды. Факультет студенттері Орталық Азияның барлық елдерінде, сондай-ақ Грузия, Үндістан, Иран, Қытай, Түркия және әлемнің көптеген басқа елдерінде атап өтілетін Наурыз мерекесінің дәстүрлері мен ұлттық құндылықтарымыз туралы айтады.

БҰҰ Наурыз мейрамын Халықаралық мереке ретінде біледі.

Барлық іс-шаралар онлайн-режимде өтеді.

Гүл БАЯНДИНА

ҚАЗҰУ ҚАЛАШЫҒЫНА АҒАШТАР АЛЛЕЯСЫ АШЫЛДЫ

мерекесінің мазмұнын байыта түскен жөн. Бүкіл қоғамды ұйыстыратын құндылықтар неғұрлым көп болса, бірлігіміз де соғұрлым бекем болады. Ынтымағы жарасқан жұрттың қашанда ұпайы түгел», – деп атап өтіп, өз Наурызға жаңаша көзқарас қажеттігін жеткізген болатын.

Естеріңізге сала кетсек, ҚазҰУ «Наурыз мейрамын тойлау тұжырымдамасына» сәйкес, «Көрісу күні», «Жайлау күні», «Шежіре күні», «Тарихқа тағзым күні», «Игі істер күні», «Шымырлық пен шеберлік күні», «Зияткерлік күні», «Ұлттық тағамдар күні», «Ұлыстың ұлы күні» және «Жоралғы күнін» қашықтықтан атап өтуде.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың

басқарма төрағасы-ректор Жансейіт Түймебаев өз сөзінде алдағы уақытта да кампустағы жатақхана корпустарының жанындағы бос орындарда ағаштар отырғызып, айналаны жасыл желекке айналдыру керектігін атап өтті. Сондай-ақ алыс Жапония еліне сақураның гүлденуін көру үшін аттанбай-ақ, табиғаты әсем ҚазҰУ қалашығында студент жастарымыз үшін арнайы шиі және алма ағаштарының аллеясын бөлек ашуды ұсынды.

Бұл жоба іске асырылса, жеміс ағаштары аллеясы студенттердің, қонақтар мен қала тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналмақ.

Өз тілшімізден



Наурыз мерекесі және ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Ағаш отырғызу» қайырымдылық акциясына қолдау білдіріп, 160-тан астам қырым қарағайы мен алтай шыршасын отырғызды.

Игілікті шара Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысындағы: «Мен Ұлыстың ұлы күнін жаңаша атап өтуді ұсындым. Бабаларымыз Әз Наурыз келгенде бұлақтың көзін ашып, ағаш отырғызған. Осы тамаша дәстүрді жаңа қарқынмен жалғастырайық. Табиғатты тазалап,

қоршаған ортаны көгалдандыруды қолға алайық. Мұндай шараларды барлық аймақта ұйымдастыруымыз қажет. Бұл – ата салтымыз және ұрпаққа экологиялық тәрбие берудің ең тиімді жолы», – деген тапсырмасына сай жүзеге асты.

Сонымен қатар Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында «Наурыз мейрамын атап өту тұжырымдамасын жасап, көктем



ҰЛЫС КҮНІ

Көк көйлек киген даланың,
Көркі де сондай келбетті.
Көз жасы болып ғаламның
Көк нөсер тағы селдетті.

Сылдырап сулар арықта,
Жас қайың жайды бүршігін.
«Селт еткізер» келгенде
Сезесің жүрек дүрсілін.

Көрші үйден шықты бозбала,
Құрметтеп үлкен әжесін.
«Ұйқышар» берген бойжеткен-
Қайнатқан «Наурыз көжесін».

Оң, болсын, Наурыз-айттарың,
Жиналған қауым, халайық.
Ақ тілек болсын айтқаның,
«Ақ жол» деп астан алайық!

Ақ болсын, көңіл-сарайың,
Ақ болсын, жеген дәмдерің.
Аман боп барша халайық,
Асқақтай берсін әндерің !!!

Ж.С.ӘДІЛХАНОВА,
ЖОО дейінгі дайындық
кафедрасының аға оқытушысы

Наурыз – древнейший культовый календарный праздник, прежде всего, тюрко-персидских народов, который практиковался на территории Центральной Азии на протяжении трех или четырех тысячелетий. Он символизирует Новый год, то есть весеннее солнцестояние – равноденствие. В древнейшие время зороастрийские жрецы (мобеды) совершали жертвоприношение восходящему солнцу на поле, возливали молоко (белое) на землю, благословляли первые пахотные и посевные работы.

Наурыз по своим смыслам означает обновление земли после долгой зимы, пробуждение всего живого к новому циклу роста, цветения и жизни. Наурыз означает проникновение в лоно Земли зародышей жизни (құта) из благого света Солнца (ырыса). Само Солнце считалось богом (Арухамазда, Тенгри, Митра). Поэтому Наурыз – это почитание Солнца как отца, Земли как матери. Весь народ радовался Наурызу как Новому году, обновлению, началу сезонных работ на полях, садах и пастбищах. Так было до ислама. С принятием ислама у народов Центральной Азии Наурыз не исчез, он трансформировался в систему народных верований и дожил до XX века. Наурыз не исчез и в эпоху идеологического тоталитаризма. Возродившись у нас в девяностых годах, он переживает Ренессанс, в том числе у казахов.

Культовое многоцветие казахской культуры также характеризуется практикой празднования Нового года – Наурыза. Хорошо известно, что календарный Новый год восточных народов – Наурыз отмечается истарии иранцами и тюрками, в то время как ортодоксальные мусульмане – арабы его не признают, считая его языческим пережитком.

ПРАЗДНИК СВЕТА



Казахи широко и пышно празднуют Наурыз – ритуал, исторически связанный с другой, более старой религией – зороастризмом. В то же время можно заметить, что во время Наурыза, произносятся ритуальные алғысы и бата (благословения), старцы нередко читают молитвы из Корана. Можно констатировать, что тюркское духовенство всегда терпимо относилось к Наурызу. В то же время в последние годы в Казахстане мусульманское население стало активно отмечать и Ураза айт и Курбан байрам – праздники собственно исламские.

Все больше традиционных обрядов и ритуалов, имеющих тенгрианские, тотемистические, анимистические корни, уходит в прошлое. Анализ кочевой культуры казахов и близких народов (кыргызов, каракалпаков) показывает, что жизнь кочевников сопровождало большое количество инициационных и календарных праздников, которые практиковались, например, по время

откочетов на весеннюю стоянку – джайлау, летовку – жаздық, осенник – күздеу, зимовку – қыстау. Таких праздников (шильдехана, қымыздық тойы, ерулік) насчитывалось, по сообщению информаторов, до 300. Нельзя забывать и о таких мужских, воинских ритуальных состязаниях с магическим, мифологическим содержанием, как облавная охота, көкпар, бәйге, қазақша күрес, қыз қуу и др. Тем не менее, можно констатировать, что истарии всадническая культура кочевников и полукочевников неизменно носила сквозной ритуально-обрядовый характер, основанный на вере в аруахов, в дух неба и солнца – Тенгри, в повелителей природных стихий и локусов – Ые. Весьма богатой и ранообразной была антелогия и демонология казахов, выходящие за пределы исламской религии. Они все отражены в национальном фольклоре.

Взаимоотношения казахов между собой пронизаны также традиционной этикой – неоспоримое и незбылемое уважение к старшим, любовь и забота по отношению к младшим. Все эти отношения диктуются традиционными правилами и ритуально оформлены. К сожалению, весь этот этический космос за время советизации и перестройки подвергся разрушению, но в данное время с трудом, однако неуклонно восстанавливается. В последнее десятилетие ощущается тенденция религиозного регулирования жизни женщин и в то же время защита их прав в соответствии с нормами ислама. Таким образом, казахский народ стремится восстановить свою традиционную религию и культуру, поспеивая за стремительным настоящим. Он с надеждой смотрит в будущее.

Асылан ЖАКСЫЛЫКОВ,
д.ф.н., профессор кафедры русской
филологии и мировой литературы

ҚАЗАҚТЫҢ ТЕКТИ ЖІГІТ, АРЛЫ ҚЫЗЫ...

«Ұйқышар» мен «Селтеткізер» салты жайында

Бойына ар мен әдеби, намыс пен жігерін сіңіріп өскен әрбір қазақ үшін күн мен түннің теңеліп, Самарқанның көк тасы жібитін, ақ түйенің қарыны жарылып, ұлан асыр той жасайтын, жұрт жақсылыққа кенелетін Ұлыстың ұлы күні бағзы уақыттан маңызды. Бірзығы мол, ырысы көп, көңілінің байыз тауып, ынта мен жігері еселенетін елеулі күн жүрек түпкіріне мейірім сәулесін шашып, алысты жақын ететін жаңашылдықтың бастауы.

Наурыз айының 21-нен 22-не ауған түні қасиетті қара топырағымызға қыдырдың қуаты дарып, көңіл көкжиегіміздің кеңейетіні, аузымыз аққа тиіп, байыз табатынымыз хақ. Еңбектеген сабиден, еңкейген қарияға дейін жанымызды тыныштық билеп, қуаныш пен шаттыққа бөленетініміз тағы бар. Әсте, қазақтың өмірінде ерекше маңызға ие мерекені жастар қауымы асыға, ынта-жігермен күтетіні жасырын емес. Себебі, бұл мезгіл тәрбиесі мен тәлімінен айырылмаған бойжеткендер мен бозбалалардың жүрек қылындағы нәзік сезімдерінің қозғаушысы іспеттес. Ескі күнтізбе бойынша 21 наурыз күні Ғашықтар күні есебінде болған. Салтымызда



ауыл жастары жиналып, ойын-сауық құрып, наурыз таңын күткен деседі. Осы шақта, көңілі қалаған қыз баласына жігіттер тарапынан «Селтеткізер» салты жасалып, пәктік пен жастықтың, әдемілік пен нәзіктіктің, имандылық пен инабаттылықтың белгісі ретінде сый тарту ерде, серісінің сезімін қабылдағанын білдіру ниетінде арулар «Ұйқышар» әзірлеп, бір-біріне ізеттілік танытқан. Әдетте, ерлер айна-

тарақ, күміс жүзік пен иіс май сыйласа, қыздар соғымға қалған етті уызға пісіріп дайындаған. Екі жас осынау Ұлыстың ұлы күнінде мәңгі бірге болуға серттескен. Ал, дәл осы күні құрылған шаңырақ берік болады деген де пікірлер бар. Біздің заманымызда бұл дәстүр сәл кенжелеп қалғанымен, жастар тарапынан енді-енді қолдау тауып келе жатқанын байқауға болады. Соның көрінісі ретінде бірқатар студенттердің жағымды пікірлерін назарларыңызға ұсынамыз.

Селтеткізер



Нұржол Жанәділ,
17-топ тыңдаушысы
Жетекшісі – Ж.С. Әділханова

Ұлыстың ұлы күні Наурыз бүгін, Тастаған барша халық кыстың жүгін. Наурыз көже, кәде-сый ақ ниетпен Ерітер бата беріп кыстың жүгін.

Қызғалдақ қырға шықып, қыздар теріп, Жігіттер «селт еткізер» қызға келіп. Қыздар да құр қол, жаяу отырмастан, Атандырап «ұйқышарын» ұлға беріп.

Қазақ қашан жырсыз өмір сүріп еді? Жырмен сырын жеткізер ердің ері. Қыз да, шіркін, жауап қатпай қалай тұрсын, Мақұлдығын жырмен айтар қыз жүрегі.

«Сырғаныздың сынғырын-ай сынғырлаған Дауысын тас бұлақтай сылдыраған. Наз пейіл, жарқын жүзді, бөрікті қыз! Тектіліктен бағытын бір бұзбаған.

Ұйқышар



Нұрбақыт Төлеш,
17 топ тыңдаушысы

Ағатай, түсінсеңіз шынымен сөз астарын, Сіз бердіңіз «селт еткермен» сөз бастарын, Ақ орамал кестелі қос аққулы «Ұйқышармен» қабыл ал, жыр хаттарын!

Күннің нұры төгілгенде тігінен, Қара жердің тоңы түгел жібіген. Келседағы наурыздың айлары, Кесек тондар ажырады жігінен.

От сәуледен сөгіліп жер қатмары, Гүлге оранды күнгей менен шатқалы. Жыл құстары мекеніне оралып, Думандады кең даланың аспаны.

Аталар көк өрімге талды егіп, Көзін ашты бұлақтарда тас еміп. Алтын күн нұрын төгіп бар ғаламға, Тенгелейде қар қалмады мұз еріп.

Аналар асып сыбаға сүріден, Сапырылды сары қымыз күбіден. Көп көжені пысырып, ет түсіріп, Ақ тілектер жететін жер түбінен.

Берекеге шақыратын қартымыз, Ұлыс күні бас қосып бір шалқыңыз. Өлең оқып күмбірлі күй төгілсін, Құтты болсын наурыз күнгі салтымыз.

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ЖАРШЫСЫ

НАУРЫЗША

Наурыз айынды ашық күндері қолдан жасалғандай ерекше ою-өрнекті әрі жұп-жұқа қиыршық қар түседі. Ол көзіне шашырап, жылтырап көрінеді. Анықтап қарасаңыз ол жеңіл әрі үлпілдек қар екеніне көзіңіз жетеді. Наурызша жаңа жылдың белгісі, себебі осы қар арқылы жаңа жылдың басталатынынан хабар береді екен.

НАУРЫЗ ШЕШЕК

Наурыз айында өсетін жапырақты, түрлі-түсті гүлді әрі қауашақты өсімдік. Кейде әсемдік үшін үйге же өсіруге болады және дәрілік қасиеті бар. Ол Қазақстанның таулы аймақтарында бірнеше түрі өседі. Наурыз шешекті азаюына байланысты «Қызыл кітапқа» енгізген.

НАУРЫЗ ТӨЛ

Наурыз айында мал төлдей бастайтыны айдан анық. Оларды «наурыз төл» деп атап, төл басы ретінде бағаланады және оны ерекше күтіп баптайды. Төл басы сатылмайды немесе сыйға бермейді. Мұндай малды өз тойына, құрбан айт күндері сойып ырым етеді екен.

НАУРЫЗ-УЫЗ АЙЫ

Жазушы-этнограф Болат Бопайұлының айтуынша, байырғы қазақтар көктемнің алғашқы айын уыз айы деп неге атаған? Өйткені осы айда төрт түлік мал төлдейді ғой, халықтың аузы аққа тиеді, малдың аузы көкке тиеді «Уыз – сүт сұлтаны, ақ ұлтаны», «уызға жарымаған өмірі ештеңеге жарымайды» деген мақал осындайдан қалған. Ата-бабаларымыздың мына бір өлеңінде осы уыз мерекесі тамаша суреттеледі:

Уыз айы туғанда, көкте ай толғанда,
Қозы, лақтар маңырап, қой мен қозы жамырап,
Рахаттанып қаласың, уызға қарын тойғанда.

Уыз айы болғанда, ай қараңғы солғанда,
Ақ көбейіп бұл маңда, қыраңдап бір қаларсың,

Уыз айда уыз бай, уызға келер қонақ сай
Уыз ішіп қыдырып, қонақ болып жүрдім жай,

Уыз айым керемет, қадірін мұның кім білед?

Уыз айда сары уыз ас орнына сол жүред.
Уыз айы келгенде қадірін оның білгенде,
Бәйбішелер қуанып сылқ-сылқ күлгенде
Уыз айы таңдайда балдай болып қалғанда
Келер жылы уыз ай қашан, шіркін, келер деп,

Сарыла бір тосқанда
Қозы, лақ жамырап, өрістен мал қосқанда,
Сары уыздай сарғайып қиял кезіп босқанда
Сағындырып уыз ай күткізеді санаңда
Уыз ай деп қазағым мал азабын ұмытқанда
Қайда қалар азабың мал уызын жұтқанда.

НАУРЫЗ ЕСІМ

Наурыз күндері дүние есігін ашқан баланы қазақ халқы ерекше адамдар деп ұғынған. Сондықтан ұл балаға Наурыз, Наурызбек, Наурызбай, ал қыз балаға Наурызгүл деген атаулар қойған екен.

САУМАЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?

Наурыз айында жаңа жыл еніп, жер бусанып, күн күркіреп, жаңбыр жауады. Бұны көрген адамдар қуанып, саумалық айтып, тілек тілейді. Оны өлеңмен айтады:

Саумалық, саумалық,
Наурызымның көк құсы
Ұйқыдан көзін ашты ма?
Саумалық, саумалық,
Самарқанның көк тасы
Жібіді ме көрдің бе?
Саумалық, саумалық,
Ескі жыл кетіп, жаңа жыл келді,
Ескі жыл есіркей кет.,
Жаңа жыл жарылқай кел – деп бір ескі ыдысты сындырып, “жамандық кетсін” деп ырым жасайды.

Алмабек ИБРАЙЫМОВ,
штаттан тыс тілші

Шығыстық данышпандар

Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Фердоуси, Әлішер Науаи, Омар Хаямнан бастап, қазақтың Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары наурыз туралы еңбектер жазып қалдырған. Ал, Мәшһүр-Жүсіп бабамыз: «Төле би заманындағыдай кең ауқымды Наурыз бұрын-соңды тойланған емес», – деген екен.

Наурыз сөзі парсыша «нау» – жаңа және «руз» – күн, яғни жаңа күн деген мағынаны білдіреді. Осы күн Жыл басы болып саналған. Қазақ халқында да бұл мейрамның мәнмазмұны өте тереңде жатыр. Халықтың ежелгі наным-сенімі бойынша бұл күні бүкіл табиғатқа, тіршілік иесіне, өсімдік, жан-жануарға ерекше сезім, қуат, қасиет нұры құйылады. Жанжануарлар түлеп, ағаш-бұтақтар бүршік атып, тіршілік атауы жаңара түскен. Табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік арта түседі деп сенген. Сонымен қатар, Наурыздың 21-нен 22-не қараған түнді «Қыдыр түні», яғни ырыс түні деп атаған. Қыдыр ата елді аралап, әрбір отбасыға бақ-береке, ырыс сыйлайды деп сенген. Жастар Қыдыр атаны көреміз деп, түнімен түрлі ойындар ойнаған. Қыдыр атаны көру арқылы, мол берекеге кенелгілері келген.

Сондай-ақ, Наурыз мерекесінің сәні мен әнін келтіретін Наурыз көже жайында айтпай кету мүмкін емес. Наурыз көже қысқы соғымның арнайы сүрленген етінен, түрлі дақылдардан және ақтан дайындалады. Құрамы кем дегенде жеті түрлі тағамнан тұру қажет. Немесе тақ санын сақтап, тағам түрін көбейте беруге болады. Оған сүр ет салып пісірілуі – қыс тағамымен қоштасуды, құрамына ақтың қосылуы – жаз тағамымен (сүт, ақ) қауышуды, ал түрлі дақылдардың қосылуы молшылықты білдіреді. Әрбір адам Наурыз көжеден қалмай, тойып ішуге тырысады. Өйткені, Наурыз көжеде бір жылдық ырыс-береке бар және молшылықтың жоралғысы деген түсінік қалыптасқан. Наурыз көжені халық арасында «тілеу көже» деп те атайды.

«Қазақ университеті» газетінің

2011 жылдан бастап жыл басы Наурыз мейрамы шығыс әлемінде ғана емес, 200-ге тарта ел ұйысқан Біріккен ұлттар ұйымы шеңберінде тойланып келеді.

БҰҰ «Халықаралық Наурыз мерекесі» қарарын бір ауыздан қабылдап, 21 наурыз күнін әлемдік мереке ретінде белгілеп, оның бір ұлттың немесе мәдениеттің мерекесі ретінде ғана емес, бүкіл адамзат мұрасының құрамдас бір бөлігі екенін әлем алдында айшықтап берді. Ұлыстың ұлы күнін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жыл сайын өзіндік сән-салтанатымен, зор маңыздылықпен атап өтеді. Бұл жыл басын мол дастархан жайып, ерекше көңіл-күймен, жақсы ниетпен қарсы алсақ, жыл да жағымды жаңалықтарға, молшылыққа толы болады деген сенімді білдіреді.

ҚазҰУ-дың Ұлыстың ұлы күнін ұлықтауда және мәртебесін арттыруда талайларға үлгі болар өнегесі көп. Наурыз мейрамы – жаңа тіршіліктің бастауы ғана емес, ынтымақ пен достықтың, береке мен бірліктің, ұлтаралық татулық пен қарым-қатынастың мерекесі. Ал бұл халықаралық мейрамның ең бір есте қалатын рәмізді тұсы – наурыз көжеде екені белгілі. Осы орайда «Қазақ университеті» газеті жыл сайын дәстүрлі түрде өз «наурыз көжесін» ұсынып келеді.

«Наурыз көже» дейтініміздің себебі, осы дәмге қосылуы тиіс жеті түрлі тағамның орнына жеті түрлі пікір ұсынып отырмыз. Ал оны санада қорытып, нәрін алу оқырманның еншісінде.

ЕТ ОРНЫНА



Болат ӘБЕНОВ,
Ақпараттық жүйелер кафедрасының аға оқытушысы

ҚОШ КЕЛДІҢ, ӘЗ НАУРЫЗ!

Халықаралық деңгейдегі ежелгі заманнан қалыптасқан, барлық түркі тілдес елдер үлкен салтанатпен тойлайтын Жана жыл мейрамы – Наурыз мерекесі құтты болсын!

Күндей күлімдеп, Айдай аялап келген Ұлыстың ұлы күні баршаныңға зор денсаулық, сарқылмас бақыт тілеймін! Әр шаңыраққа қыдыр дамып, бақ қонсын! Ынтымағы жарасқан көп ұлтты ұжымымыздың бірлігі нығая берсін!

ҚазҰУдегі жұмыс өтілім 45 жылдан асты. Жаңғырғалы бері Наурыз мерекесі университет қабырғасында жоғары дәрежеде тойланып келеді, сол шаралардың бәріне белсене араласқаннан

кейін бәрі де есте.

Тағы да табиғат, Жер ана, жан-жануарлар оянып, көктем келді. Өкінішке орай, әлемді жайлаған дерт көктем мерекесін бірге тойлауымызға шектеу қойып отыр!

Жана келген сиыр жылы қауымымызға жақсылықтар ала келді деп сенейік! Жана киімдерімізді киіп, бір-бірімізбен қол алысып, амандасып, төс қағыстырып, жақсы тілектер айтылатын күнге жетейік!

Ұлыс оң болсын, Ақ мол болсын!

ТҰЗ ОРНЫНА

Гүлдархан СМАҒҰЛОВА,
Қазақ филологиясы кафедрасының профессоры



НАУРЫЗ ҚАЙДАН БАСТАУ АЛАДЫ?

Бала кезімізде Наурыз мерекесі наурыз көжемен ғана есте қалатын. Жетісу өңірінде «Наурыз көже» ақпан-наурыз айларында пісірілетін. Ауылда үйден үйге қыдырып, көже ішкеннен қоймай, ыдысқа құйып алып, ары қарай келесі үйге кіреміз. Бала-шаға демей, пейілі дархан қазағымның наурыз дастарханы ешкімді жатсынбайтын. Балалық шақта Наурыз мерекесінің тарихы туралы білмегенімді кейін ғана түйсіне бастадым.

Сөйтсек Шығыс халықтары 1920-1925 жылдарында атап өтіп жүрген. Кенес өкіметі 1926 жылдан бастап, «діни мейрам», «ескілік сарқыншағы» деп тыйым салған екен. Тек 62 жылдан кейін 1988 жылдан бастап қана, Қазақстанның аудан-қалаларында Алматыда Наурыз жалпыхалықтық мереке ретінде қайта тойлана бастады.

Әсіресе, Алматылықтардың Наурызды алғаш мерекелеген кездегі сән-салтанаты, ұлттық салт, ұлттық нақыштарымен көз сүріндірген театрландырылған көрінісі әр қазақтың жан дүниесін ұлы даланың – ұлы күнімен қауыштырғандай әсер қалдырды.

Бұл ретте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үлкен ұжымы жыл сайын Наурыздың танымбелгісін әйгілейтін шараларды бастап кететін. Мейрам аясында көктемнің тамылжыған күнінде тал егу, көрісу секілді ізгі құндылықтарды дәріптеп, әр факультет шад-шадыман әнін әуелетіп, университет алаңында ойын, тойдың көрігін қыздыратын. Әлемге әйгілі қазақ қызғалдағына оранған сұлу қыздар биі, «Сарыарқа» күйімен күмбірлеген құттықтаулар Келдің бе, Әз-Наурызым! деп тебіренеді!

Наурыз құтты болсын!

Әрине, биыл да солай қарсы алдық! Өйткені көңіл көкжиегі қазіргі жағдайдағы шектеулерден биік. Амандықпен келер жылғы Наурызымызға жетейік!

СУ ОРНЫНА

Сабырхан СМАҒҰЛОВ,
Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы



НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ ҮШІН НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Наурыз – Шығыс халықтарының бүкілхалықтық мейрамы, яғни Ұлыстың ұлы күні. Наурыз бұған дейін мыңдаған жыл бұрын шығыс халықтарында жыл басы мерекесі ретінде тойланып, ерекше күн ретінде аталып өтетін болған. Қазақ халқы да Наурыз мерекесін айрықша қадірлеп, оны жыл сайын тойлап отыруды әдетке айналдырды. Шығыстың данышпандары Махмұт Қашқари, Әбу Райхан Бируни, Ә.Фердоуси, Ә.Науан, О.Хаямнан бастап, Абай, Әлихан, Ахмет, Міржақып, Сәкен сынды ғұламалары да Наурыз туралы еңбектер, өлеңдер, жақсы сөздер жазып қалдырған. Наурыз шығыс елдері үшін - бірліктің, татулықтың, еңбектің, көктемнің, ізгіліктің мерекесі. Бұл күні жақсы тілек тілеу, құттықтау, кешірім жасау, табысу сияқты адамгершілік қасиеттер көрініс тауып, кейінгі ұрпақ сондай жақсы өнегеден үлгі алған.

Бұл мереке кеңес өкіметі тұсында төңкеріске дейінгі кезеңге жатқызылып, «өткеннің қалдығы» деп есептеліп, 1926 жылдан бастап тойланбайтын болған. Қазақстанда ұзақ уақытқа ұмыт болған Наурыз мерекесі көп жылдардан кейін алғаш рет 1988 жылы қайта жаңғырды. Араға 62 жыл салып қайтып оралған Наурыз мерекесі қайта құру, жариялық рухымен басталған жаңаша ойлаудың жарқын бір көрінісі болды. 1988 жылы мамырда Қазақстан астанасы Алматыда өткен Орта Азия мен Қазақстан театрларының аймақтық Наурыз фестивалі соның бір айғағы деуге әбден болады. 1989 жылы Наурыз мерекесі республика көлемінде кең өрісті, мол әсерлі, қуанышты аталып өтті. 1991 жылы 15 наурызда Қазақ КСР Президентінің «Халықтық Наурыз мейрамы – көктем мерекесі туралы» Жарлығы шыққаннан кейін осы ежелгі мереке ресми түрде мойындалды. Күн мен түн теңелетін 22 наурыз мерекесі күні болып белгіленді. Дәл сол кезде теңдессіз төл мұрамыз айтыс та руханиятымызға қайта оралды.

Наурыз – қазіргі күн есебі бойынша наурыздың 22 жұлдызына сәйкес келеді. Қазақтар бұл күнді жаңа жыл, ырыс, береке, мереке, жыл басы деп есептейді. Бұл күні барлық даланы Қызыр ата аралайды.

Наурыздың айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттылық, мәрт-жомарттық, қадір-қасиеттілік нышан белгілері мен таным-ұғымдарының үлгі-түрлері өте көп. Оның бәрі әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелілікке, бауырмалдылыққа, көрегенділікке, ізеттілік пен білімділікке баурайды. Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де осыдан болса керек. Осы ұлы күнге байланысты халықтың әдет-ғұрыптары мен жол-жоралғылары бар.

Наурыз тойына ғана тән, көпшілікке арналған мерекелік тағам – Наурыз көже дайындалады. Оны әр үй жеті түрлі дәмнен: сүт, ет, су, тұз, тары, құрт, жеміс тағы сол сияқты тағам түрлерінен жасап, оған қазы, шұжық сияқты сыйлы мүшелер қосып, мерекелем құттықтауға келгендерге ықыласпен ұсынады. Наурыз көженің дәстүрлік, мерекелік, ұлттық тағылымы өте зор.

Әр адам өзіне, отбасына немесе жақын туыс-туғандары мен дос-жарандарына Ұлыстың ұлы күнімен құттықтап, жақсы тілек тілейді, бір-бірінің үйіне кіріп дәм татады. Мысалы:

Ұлыс оң болсын,

Ақ мол болсын!

Пәле-жала жерге енсін,

Төрт түлік ақты болсын,

Өрісің малға, үйің жанға толсын! – деп.

Наурыз – бүкіл халық үшін ерекше мерекелі күн. Биылғы Наурыз тойы қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық белесінде өткелі жатыр. Міне, биыл Қазақстанда Наурызды он күн тойлау ұсынылып отыр. Наурыз мейрамы 14-23 наурыз аралығында атап өтеледі. Соның ішінде, 14 наурыз – «Көрісу күні», 15 наурыз – «Жайлау күні», 16 наурыз – «Шежіре күні», 17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні», 18 наурыз – «Игі істер күні», 19 наурыз – «Шымырлық пен шеберлік күні», 20 наурыз – «Зияткерлік күні», 21 наурыз – «Ұлттық тағамдар күні», 22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні», 23 наурыз – «Жоралғы күні» болып аталып өтеледі. Биылғы Наурыздың тағы бір ерекшелігі дүние жүзін жайлаған пандемия жағдайында өтейін деп жатыр. Соған қарамастан Қазақстан халқы бұл мерекені кең көлемде, мол әсермен, қуанышты көңіл-күймен қарсы алып, өткізетініне сенімдіміз.

Бұл игі іс-шараларға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті де барынша ат салысып жатыр. Мысалы, 17 наурыз күні Тарих, археология және этнология факультетінде Наурыз мерекесін жаңаша атап өту концепциясына әйкес «Тарихқа тағзым: жанару мен жаңғыру» атты онлайн форматта республикалық дөңгелек үстел өткізіледі.

Құрметті ағайын, әріптестер, отандастар! Бәріміз асыға күткен Наурыз тойымыз келіп жетті. Ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшықтайтын қасиетті – Наурыз мерекесі елімізге, әрбір отбасына бірлік пен қуаныш, құт-береке, бақыт пен молшылық әкелсін! Той құтты болсын!

Студенттерге арналған «Коронавирустық инфекцияның жаңа түріне қарсы вакцинация: нұсқалары мен қарама-қайшылықтары» тақырыбындағы онлайн-білім беру дәрісі өтті

«наурыз көжесі»

ҰН ОРНЫНА



Зейнулла ЖАҢАБАЕВ,
ф.-м.ғ.д., профессор

КҮН МЕН ТҮННІҢ ТЕҢЕЛГЕН КҮНІ

Университетіміздің студент жастарын, оқытушы-профессорлық құрамын көктем мейрамымен құттықтаймын! Ата-бабаларымыз бұл күнді күн мен түннің көктемгі теңесуі деп ерекшелеген. Сәулелі күн ұзарып, тіршілікке нәр молайған. Табиғаттың өзі жандануға екпін берген.

Біздің физика-техникалық факультетіне Наурыз мерекесі ерекше жақын. Күн мен түннің теңесуі- астрофизикалық құбылыс. Астрофизикадан бакалавр, магистр, Ph-доктор

дайындаймыз. Қазіргі ғылымымыздың бір саласы - Әлемнің ұлғайып көріну себебі. Галактикалар тарап кетеді, осы тіршілікке қауіп бар деп айтылып жүр. Біздің зерттеулеріміз бойынша бұл тек бейсыздық фракталдық көрініс. Табиғат шексіз, тіршілік, даму шексіз... Бұл күнді қуанышпен атау бәрімізге қосымша қуат береді, табысқа бағыттайды.

ҚАТЫҚ ОРНЫНА

Медеу АБИШЕВ,
физика-математика ғылымдарының докторы, профессор



БҮГІНГІ ТАҢДА НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНІҢ ХАЛЫҚ ӨМІРІНДЕГІ МАҢЫЗЫ ҚАНДАЙ?

Наурыз мейрамының ерекшелігі — дана халқымызды, оның ішінде әсіресе жайнаған жастарды тамырландыра ұлттық болмысымыздың әр ішегін үндестіре тебіренге алуында, сондықтан бұл мерекеміз жеріміз бен табиғатымыздың, салт пен дәстүріміздің, дін мен діліміздің, рух пен тіліміздің жаңғыратын кезі. Содықтан Наурыз мейрамының жан-дүниемізде лайықты жарқын орнын дәріптеп, шаттанып тойлауымыз өз болашағымыз үшін өте қажет амал. Әріптестерім мен жастарға тілерім - Ұстаздар қауымының қажырлы еңбекпен және терең ізденіспен жинаған өмірлік тәжірибесі тәлім алушыларға жаңа жылда жаңа екпінмен өз өрісін кеңейтуге, өркендеуге дем беретін өнеге болсын, ал студенттеріміз өздерінің өткір жігерімен, алғыр ойымен, жалынды жүрегімен біздерге ел болашағына зор үмітпен қарауға рух беріп, жаңа жетістіктерге жеткізсін!

ДӘНДІ-ДАҚЫЛ ОРНЫНА



Жайна САТКЕНОВА,
Қазақ тіл білімі кафедрасының аға оқытушысы, ф.ғ.к.

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ НЕ СЕБЕПТІ ТІРШІЛІК БАСТАУЫ?

Қазақ халқы наурыз мерекесін қарсы алуды «көрісуден» бастайды. Наурыздың 13-нен 14-не қараған түнде Ай мен Аман жұлдызы бір сызықтың бойында теңеседі екен. Бұны халқымыз Ай мен Амалдың көрісуі деп атаған. Соған байланысты Амал мерекесі, көрісу дәстүрі шыққан.

Әз-Наурыздың жаршысы, бірлік пен берекенің бастауы саналатын бұл мерекені барша қазақ халқы асыға күтеді. Ағайын, туыс, бауыр, жақындарымен сағына қауышып, «басымыз аман, бауырымыз бүтін болсын», «ақ мол болып ырыс-береке, тыныштық әкелсін» деген ізгі тілектерін арнаған. Алысты жақын, жақынды туыс ететін амал мерекесі халықты бірлік пен берекеге, келісім мен кешірімге, ізет пен ізгі тілекке шақырады.

Көрісу мерекесі астарынан дәстүрлі көріністі аңғаруға болады. «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы жол болар» - деген қазақ халқы бір-біріне тек жақсылық ғана тілеп қоймайды, сондай-ақ жасы үлкендерге ізет көрсетіп, ілтипат білдіреді. Үлкеннен бата алуды қасиет санаған қазақ халқы, осы мерекеле үлкендерге ерекше құрмет көрсетіп, кәделі батасын алуға асығады.

Мереке тіршіліктің бастауы саналатын «әз-Наурызбен» жалғасқан. Наурыздың 22-сінде күн мен түн теңеседі. Қазақ дәстүрінде бұл мерекені жанарудың жаршысы санап, таң шапағын қарсы алудан бастайды. Айналасын тазартып, арықтарға су жібереді. Ағаш отырғызып, гүл егеді. Наурыз мерекесінде ұлттық ойындар ойналып, салт-дәстүрлер орындалады. Ертеректе қазақ жастары «Алтыбақан» ойнап, кешті аяқтаған.

Наурыз мерекесі баршанызға құтты болсын! Жаңа жетістіктерге толы жыл болсын!

ДӘМДЕУІШ ОРНЫНА

Сәуле БЕКТЕМІРОВА,
жалпы тіл білімі және еуропа тілдері кафедрасының доценті, ф.ғ.к.



ЕС БІЛГЕЛІ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ МЕНІМЕН БІРГЕ

Мен ес білгелі, әр жыл сайын көктемнің бірінші айы наурызда біздің отбасында көптеген өзгерістердің болатынын байқайтынмын. Киіз үйдің түндігінен күндегіден ерекше шақырайып, шуақ шашқан күн көзі, даладан ескен көктемнің самалы, құстардың әндеткен сан түрлі дауыстары, бәр-бәрі әлі есімде. Осы айда анамның қысқы соғымнан қалған қалжаны асып, оған келі-келсәппен түйілген бұйда ақтау жарманы, дорбаның түбінде қалған құртты қосып даярлаған көжесінің дәмін татпаған адам жоқ шығар. Біз де отын жарып, су тасып, келі-келсәпті тақылдатып түйіп, шамамыз жеткен шаруаларды қызық көріп, ата-анамыздың жанында жүгіріп жүріп тындырып жүретінбіз. Қазір қарап отырсам, сол балалық шақтан басталған бойымыздағы ұлттық құндылығымыз әлі жалғасын тауып келе жатқан екен.

Оған бірден-бір дәлел — жыл сайын Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жоғары деңгейде Наурыз мейрамының аталып өтілетіні. 1994 жылы оқуға түскен жылмен есептегенде, биыл университетте 27 Наурыз мейрамы тойлануда. Демек, Наурыз мейрамы халықтың өмірімен, болмысымен, тұрмыс-тіршілігімен, салт-санасымен, дәстүрімен бағзы замандардан біте қайнасып келе жатқандығының бір белгісі әрі көрінісі.

Бертін келе Ұлы мейрамның түркі жұрты үшін қаншалықты маңызды екендігін тереңінен түсіне бастадық. Ұлыстың Ұлы күні көне түркі тайпаларының ұрпақтары мен парсы халқының ұлттық мейрамы. Шығыстық күнтізбеде жылдың басы, жаңа жылдың бастауы. Бұл мейрамды бүкіл түркі мемлекеттері, ирандықтар, сонымен қатар, бүкіл әлемге таралып кеткен, жаһанның түкпір-түкпірінде өмір сүретін түркі ұрпақтары, яғни, шетелдерде тұрып жатқан түркі тектес халықтар өз дәстүрлері мен салттарына қарай дәрежеде атап өтеді. Тіпті көне түркі аңыздарында бұл мейрам күннің жанаруын білдіргендіктен, жаңа жыл ретінде тойланатын болған. Ғылыми тұрғыдан қарағанда күн мен түн түннің теңесуі, яғни 12 сағат — күн, 12 — сағат түн болатын уақыт. Мұның нақты уақыты наурыздың 20-21 аралығына келеді. Осы күні күн шығыстан шығып, батыстан батады. Мұндай құбылыс расында да бар — рефракция. Сондықтан осындай барша әлемның жанаруы үшін түрлі құбылыстарды сыйлаған Наурыз айына алғысымыз шексіз! Ұлыстың Ұлы күні құтты болсын, ағайын! Ақ мол болсын! Елімізде тыныштық болсын!



ONLINE EVENT AS A MEANS OF MOTIVATION TO LEARN A FOREIGN LANGUAGE

My name is Rayhan Zharymbetova and as an English teacher with many years of experience, I would like to share my impression of working in the walls of KazNU.

The profession of a teacher, on the one hand, is a very big responsibility, requiring constant self-education, development, compliance with the changing conditions of modern society. On the other hand, there is no more creative, noble, exciting profession. L.N Tolstoy wrote: "The mission of a teacher is a high and noble. None can be a teacher who receives the upbringing and education of a teacher, but the one who has the inner confidence that he is, he must and he cannot be otherwise. This confidence is rare and can only be proven by the sacrifices that a person makes to his vocation." The great writer accurately noticed the essence of our profession. At our university, the educational function often plays an important role as long as a teaching function. In the framework of the project "Brighten the corner where you are" which was held on November 13th, the 1st course students from "Logistics" group have prepared and conducted a project-oriented class in English on the topic "The secrets of music", which has proved that logisticians can be beautiful romantics in their soul. The students have revealed their profound knowledge of various music genres and trends, including contemporary music and art of ancient people. The project work presented by Erzhan Aigerim was about the history and unique quality of Kazakh national instruments. Then Karataev Daniar talentedly performed kui by Kurmangazi "Sari arka". His groupmates welcomed this performance with applause. Also I would like to mention the performance of talented student Turdieve Ramilia, who has read us her vivid poems about Motherland. I am proud that such gifted brilliant students study in KazNU. And I want to emphasize the advantage of a method of projects as an educational technology. During the presentation students can acquire a rich knowledge base of vocabulary, experience teamwork skills, develop listening comprehension, what is more important, they get to know each other better in educational environment.

Rayhan ZHARYMBETOVA,
Department of Foreign Languages


Coursera is the world's largest provider of online educational courses with 65 million registered users, more than 3200 courses and revenues of \$ 2.5 billion in 2020. It is especially prestigious that al-Farabi Kazakh National University (KazNU) with the active participation of its Institute of New Educational Technologies, headed by Ass. Prof. A.A. Moussinova in 2019, signed an agreement for the placement of materials of KazNU massive open online course on Coursera with the support of Peter the Great St.Petersburg Polytechnic University (SPbPU).

After the contest of pedagogical scenarios provided by KazNU, the course "Methods of Molecular Biology" was chosen by SPbPU, offered by the senior lecturer of the Department of Molecular Biology and Genetics of the Faculty of Biology and Biotechnology Dr. Zhussupova A.I. Start of the project 11/04/2019, 12/24/2020 - launch of the project in test mode (from SPbPU), 01/02/2021 - activation of the course on the Coursera platform. Thanks to the well-coordinated work of the universities staff, the course was approved without any comments or suggestions from Coursera.

The course "Methods of molecular biology" is the first course developed by Al-Farabi Kazakh National University (KazNU) in collaboration and kind support of Peter the Great St. Petersburg Polytechnic University. In fact, it is the first course on Coursera from Kazakhstan and is the first course in English originally planned with Kazakh subtitles.

Al-Farabi Kazakh National University is one of the leading universities in Central Asia and is the oldest classical university in Kazakhstan. In 2019/20 it was ranked 165 in the QS World University Rankings and is 18th in the Emerging Europe and Central Asia (EECA) University Rankings. In 2020 it actively participated in Coursera for Campus program. Founded in 1948, the Department of Molecular Biology and Genetics is one of the oldest at the University. Today, the department consists of eight laboratories: the educational and research laboratory of "Mutagenesis", the laboratory of plant genetics and breeding, the laboratory of chromosomal engineering, the educational laboratory named after Corresponding Member of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR N.L. Udolskaya

First in Kazakhstan. KazNU tek alga!



(who developed the methodology of biometric calculations on Kazakhstani wheat varieties and stood at the origins of the development of the department), laboratory of a large workshop on genetics, laboratory of Drosophila Genetic Reference Panel, laboratory of human cytogenetics, laboratory of molecular genetics.

Molecular biology is one of the most interesting sciences, in which new discoveries are made every day. Initially arising at the intersection of such disciplines as biochemistry, genetics and physics, molecular biology was able to lay the foundation for many interesting achievements of modern engineering mind, which brought an invaluable contribution to the development of medicine, agriculture, and cutting-edge technologies. It studies the structure and properties of proteins and nucleic acids as well as various molecular mechanisms underlying biological processes and the life itself. The study of molecular biology provides a basis for understanding the molecular foundations of the structure, growth, development and functioning of cells and living systems, regulation of gene expression, matrix syntheses, and mechanisms of signal transduction.

This multidisciplinary course will be interesting for students and specialists in the field of chemistry, ecology, mathematics, physics, medicine, and legal sciences, as well as to a wider audience, since it reveals various aspects of molecular biology and its methodological tools in an interesting and comprehensive language.

The course is presented in English. It consists of 5 modules with brief lectures: Module 1. Molecular biology of viruses; Module 2. Molecular biology of bacteria; Module 3. Molecular plant biology; Module 4. Molecular biology of animals; Module

5. Molecular biology and medicine. Each lecture is accompanied by a video, text for additional analysis, list of references, as well as questions for the forum and a test for self-study. The videos were automatically generated with the English subtitle system. Over the next three months, subtitles in the Kazakh language will be uploaded, translation, editing, revision and uploading of subtitles in Russian will be carried out. Each module has a graded test. At the end of the course there is a final assignment (essay with mutual assessment by students). There are also promo, introductory and closing videos.

After completing this course, students will be able to:

- See the correlation of molecular biology techniques with advances in related fields of science.
- Understand the specifics of methods related to the study, regulation, and application of proteins and nucleic acids.
- Interpret information on differences in molecular biological processes in pro- and eukaryotes.
- Analyze the interaction of regulatory and functional elements of molecular-biological processes.
- Apply the knowledge gained within the course in simulation and modeling, risk assessment, when writing articles, reviews, reports, developing cases and for analysis of the information perceived.

A.I. ZHUSSUPOVA,
ZH.K. ZHUNUSBAYEVA,
Lecturers of the Department of Molecular Biology and Genetics

In the first term we were happy to have Baku National University master course students at Al-Farabi University Law faculty. With great pleasure did they express their wish to share their impressions of al-Farabi University.

Sabina Garashova: I am proud to study at the Kazakh National State University. This year Baku State University has signed a memorandum on the dual diploma program with Al-Farabi University. Now we are studying for master degree at two universities. It is really interesting that Al-Farabi University has a quite different education system and so we have a wonderful opportunity to get acquainted with the absolutely different system of education. I think this program will be beneficial for both universities.

Abulfaz Mammadli: This year Al-Farabi Kazakh National University has made a phenomenal breakthrough, advancing in the QS global ranking to 165 position. I am really happy that currently I am studying here.

Gulzar Hasanova: I am impressed that the language of education is English at Al-Farabi University. I think I have made a right choice coming to Almaty and studying at al-Farabi. Professional teaching staff, rich library and academic environment are the riches of this educational institution. Al-Farabi University is a good option for candidates who want to obtain a

Welcome to our University!



profound education rich legal education.

Zhalya Ragimova: On September 15, I officially became a master of the Al-Farabi Kazakh National University and I understood what opportunities

and knowledge this university could open and provide us. We are only at the beginning of our cooperation, but after the first lessons I was able to acknowledge the high level of professionalism of

our foreign educators, each of whom has his own teaching method.

Gulendam Guliyeva: Closeness of our countries in terms of distance has removed my worries. I am certain that here I will gain special knowledge and skills that are highly valued by employers, and open up a range of exciting career opportunities.

Aytakin Asadzade: I knew that al-Farabi University has a good rating. In addition to this I must say that Kazakhstan has always been interesting for me as a country. For example the football club FC Fenerbahce which I have supported from my childhood has a Kazakh football player Mikael Askarov.

Semral Nacafzade: My specialty is Maritime and Energy Law. To be honest, I did not choose Al-Farabi University. The dean of our university, Amir Aliyev insisted that I go to al-Farabi and I am grateful to him. We are obtaining knowledge from highly qualified specialists, professors and doctors. I'm sure that studying at Al-Farabi University will open new horizons and prepare me for effective and interesting work.

G.ORAZAYEVA,
Foreign language department

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA

Алматы өткен Республикалық жапон тіліндегі шешендік өнер сайысында ҚазҰУ-дың 3-курс студенті Жуасбай Нұршат «Обал болады» деген тақырыбымен бас жүлдені жеңіп алды

Ұлт болып ұйысу жолында қазақ руханияты көгіне адастырмай жол бастар Темірқазық сынды жарық жұлдыздар қашанда керек-ақ. XX ғасыр басында терең ұйқыдағы қамсыз қазақты маса болып шаққан, жарық күндей рухани бастаушы бола білген Ахмет Байтұрсынұлы - халқымыз үшін әрқашан Темірқазық.

Қазақ руханиятының ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

зерттеулермен, тың деректермен, қажетті ақпарат-мәліметтермен жан-жақты танысып, барын түгендеп, жоғын іздестіріп, жүйелі, мазмұнды жұмыс жүргізуге талаптандық. Мәселен, өзімізге ұсынылған жұмыс көлемі негізінде muzei-torgai.rka.kz ғаламтордағы сайт-парақша арқылы Торғайдағы Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлы әдеби мұражайының тарихымен таныса отырып, Ахмет атамның өмір жолын айғақтайтын дерек пен дәйек, өз заманындағы азаттық жолындағы ұлы істерін нақтылайтын құжаттар мен заттай жәдігерлермен таныстық. Топтық жұмысты бірге атқарған студенттер болып бабамыздан қалған әдеби мұралардың, құнды жәдігерліктердің тарихын жете біле түстік. Өндірістік тәжірибе мақсатына орай қажетті материалдарды іздеу, табу, сұрыптап-жүйелеу, ғылыми ізденіске негізделген библиографиялық көрсеткіштерін, картотекасын заманауи, сандық технологиялардың көмегімен электрондық нұсқа-үлгілерін дайындау т.б. мәселелермен жұмыс жүргізу барысында алаш мұрасын түгендеуде атқарылар істердің аз еместігін ұғына түстік. Мұражайда Ахмет Байтұрсынұлының 1937 жылы киізге оралып, жер астына көмілген «Қырық мысал» мен «Маса» кітаптарының түп-нұсқалары 1990 жылы Смағұлов Ерден ақсақалдың тапсыруымен сақтаулы тұр. Сондай-ақ, Ахмет атамның төрт



кітабының түпнұсқасын Міржақыпқызы Гүлнар апамыз 1991 жылы Торғайдағы мұражайға келіп табыстаған. Ұлы бабамыз бен Бадрисафа анамыздың тұтынған заттары – ағаш диваны, сағаты, жез легені, шифонері, жұмыс үстелі әлі күнге дейін жақсы қалыпта, құнды жәдігер ретінде мұражайдың төрінде көрініс береді. Мұражайда заттай айғақтармен қатар сирек кездесетін фотосуреттер, құжаттар сақтаулы. Солардың ішінде Орынбордағы, Алматыдағы Байтұрсынұлы үйінің алғашқы фотосуреттері, түрмеде отырып

жазған хаттары, отбасы туралы құжаттар бар. Ахметтің ұлылығын танытатын мұражай экспонаттарын жинап, зерттеп, жақсы қалыпта сақтап, халыққа ұсынып отырған «Торғайдың Жангелдин мұражайлар кешені» әкімшілігінің еңбегі зор деп білеміз. Біз осындай тың деректерге толы жәдігерліктермен таныса отырып, Ахмет атамның ұлты үшін атқарған қызметінің қадірін ұғына түстік, өмір жолына тереңінен бойлағандай әсерде болдық. Ұлт ұстазының өмірінен сыр шертер мұрасымен танысу біздің ынтамызды одан әрі шарықтатып, қызығушылығымызды оятты.

Тағдырының сан алуан соқпағында талай теперішті бастан кешкен Ахмет Байтұрсынұлының жарық жұлдызы бағыт берер аға буын ғалым-зерттеушілердің, ізін жалғар біздердей жастардың ерекше ыждаһат, талпыныс көрсетіп, ізденіс жасауының нәтижесінде қазақ көгінде мәңгі жанып тұрмақ. Тек бабамыздың қадір-қасиетін ұғар көңіл, сезінер жүрек болса, жеткілікті... Өйткені, қазақ руханиятының көш бастар Темірқазығы болған Ахмет Байтұрсынұлының әдеби, рухани мұрасын жетік білу, құндылығын түйсіну, тағылымының ұшан-теңіз екендігін жас ұрпақтың санасына сіңіру – ұлттық, рухани жаңғырудың шынайы көрінісі, алтын көпірі болары сөзсіз.

Актілек БАҒЫТОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
4-курс студенті,

Шохан ШОРТАНБАЙ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің
аға оқытушысы

Түсіндіру жұмыстары діни тұрақтылыққа бастайды

Осыдан алты-жеті жыл бұрын Дін істері комитеті жанынан құрылған дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру тобы (АТТ) жұмысының өзектілігі діни фактордың қоғамдық өмірде басымдылық танытуымен тұспа-тұс келгенімен байланысты десек болады. Сол жылдары еліміздің діни ахуалында келеңсіз жағдайлардың орын алуы да баршамызға мәлім.

Осы жайттар тұрғындар арасында мемлекеттің дін саласындағы саясатын жете түсіндіру қажеттілігін, дін атын жамылған жат ағымдардың теріс ықпалының алдын алуды күн тәртібіне қоюды талап етті. Еліміздің өңір-өңірлерінде аймақтық ақпараттық-түсіндіру топтарының құрылуымен қатар, Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобы (ары қарай РАТТ) жүйеленіп, оның құрамына еліміздегі білікті мамандар тартыла бастады.

Ел аймақтарындағы жүргізіліп отырған жұмыстардың жетілдірілуіне байланысты уақыт өте келе топ құрамы өзгеріп отырады. Кей кезде жаңа кадрлар топқа қосылып жатады және, керісінше, кейбір топ өкілдері құрамнан шығып отырады. Соңғы жылдары АТТ құрамына әйелдер аудиториясымен жұмыс жасай алатын, бірнеше тілге қабілеті бар мамандар, тәжірибелі психологтар, топпен және жекелеген азаматтармен, соның ішінде түзету мекемелерінде бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп жүрген азаматтармен сұхбат орнатуда біліктілігімен танымал мамандар тартылуда. Демек, Дін мәселелері жөніндегі Республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының жұмысы динамикалық өзгерістерге бейім және уақыт

талаптарын ескеретін жүйе. Өңірлердегі жұмыстары барысында АТТ мүшелері тек облыс орталықтарында ғана емес, жергілікті аудан-ауылдарға да шығып, тұрғындармен кездеседі. Соңғы уақытта нысаналы топтар ретінде жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз ететін азаматтар назарға алынууда. Бұған сәйкес, жұмыс жоспарларында еңбек ұжымдарынан бөлек, сауда орталықтарында, базарларда кездесулер қарастырылған.

Нысаналы категорияларға байланысты тұрғылықты мекен-жайы бойынша жекелеген профилактикалық кездесулер де ұйымдастырылады. Әлбетте, аталмыш жұмыстар жергілікті дін саласындағы жауапты басқарма және дін мәселелерін зерттеу орталықтары тарапынан қолдау көрсетуімен жүзеге асырылады. АТТ мүшелерінің жұмысы сол жергілікті жүйелі жұмысты толықтыруды, жетілдіруді ғана алға мақсат етіп қояды.

Г. А. МҰХАМЕТХАНОВА,
дінтану мамандығы 4-курс студенті

Н. К. ӘЛЖАНОВА
PhD, дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы

Дін ежелден адамзат өмірі мен әлемдік өркениетте маңызды орынға ие. Дін тек қана ғаламды түсіну мен қабылдаудың бірыңғай жүйесі ғана емес, адамдардың әрекетін өз талаптарына сай реттей алатын аса маңызды әлеуметтік институт.

ЗАМАНАУИ ӘДІС

Діннің әлеуметтік институт ретінде орныға алуы оның қоғамдық өмірдегі әлеуметтік-мәдени ұйымның бірегей бөлігіне айналдырды. Дін тұлғаның дүниетанымын қалыптастыратын қасиетке ие. Ол негізгі қоғамдық құндылықтарды қалыптастырады. Адамгершілік пен инабаттылық – азаматтық қоғамның басты ерекшеліктері деп санасақ, бұл құндылықтар діннің көмегісіз жүзеге асуы мүмкін емес. Рас діннің де адамдардың іс-әрекетіне белгілі бір дәрежеде шектеулер қоятыны белгілі. Әрине бұл мұндай шектеулер діни ұстанымдарға негізделгендіктен адамгершілік пен тәртіп қалыптастырушы да қасиетке ие. Осылай қоғамның мәдениеті мен тұлғаның рухани кемелденуіне жол ашады.

Соңғы онжылдықтарда діни плюрализм өз қызметінде террористік актілер мен саяси экстремизмге жол беретін немесе оларға мүше болуға бағытталған адамдардың психикасына, отбасына зиян тигізетіндігін бүкіл әлемге көрсететін бірқатар діни ұйымдардың пайда болғаны жасырын емес, және қоғамдағы адамдарға бұл діни ұйымдар «деструктивті секталар» және «тоталитарлық секталар» деген атпен белгілі.

Ғылыми әдебиеттерде жаңа діни ағымдар ұйым түріне қарай: культтер мен секталарға бөлінеді. «Секта» термині бұрыннан бар және үлкен діни бірлестік

шіркеуден бөлінген және саны жағынан салыстырмалы түрде аз діни топты білдіреді.

Деструктивті секталардың құрбандарын оңалту дегеніміз - адамды сектадан шығарып, оның бойында жаңа құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған мақсатты шаралар кешені болып табылады.

Деструктивті секталар қызметінен зардап шеккендерді оңалтудың заманауи әдісі:

- культ тұлғасының ойлау қабілетін деструктивті ықпалдан арылту;

- бұрынғы табынушылық тұлғаны бұрынғы қарым-қатынас шеңберіне қайтару: оның ішінде қалыпты әлеуметтік байланыстар орнату;

-әлеуметтік бекітілген нормалармен танысу;

-құндылықтар мен сенімдер;
Ал соңғы әрекет - бұл культтан толық тәуелсіздікке жету, әлеуметтік шындыққа толыққанды өмір сүруге қабілетті бұрынғы тұлғаны қайта құру.

Мадина ТЫНЫС,
дінтану мамандығының
4-курс студенті,

Елнұр ӘСКЕНҰЛЫ,
аға оқытушы

«Егер Ақылбек қазір тірі болғанда, Қазақ елінің ең бірегей философтарының бірі болар еді», – деп Ұстазымыз, философия ғылымдарының докторы, профессор Бекет Ғалымжанұлы Нұржановтың айтқаны есімізде қалыпты. Ұстаздың 1992 жылы жарық көрген «Гегелдің диалектикасы. Болмыс пен еркіндік» атты кітабының алғашқы бетінде «Досыма арнаймын» деген сөздің жазылуы тегін болмаса керек.



Келбұғанов Ақылбек Жолмұхамбетұлы 1951 жылы 7 наурызда Семей облысы, Аягөз қаласында дүниеге келді. Әкесі Жолмұхамбет Келбұғанов (1906-1972) – Ұлы Отан соғысының ардагері. Жолмұхамбет ақсақалдың арғы аталары шешен, би, батыр, дін ұстаған кісілер болғанын және өзінің де ақындық өнері бар екенін «Аталарым туралы» атты өлеңінің мазмұнынан білеміз. Әкесі туралы: «Ол айтулы он жеті ақын тегінен шыққан сөз шебері еді. Оның айтқан сөздерінің бәрі мірдің оғындай болатын», – деп еске алады Ләйлә Келбұғанова. Анасы – Келбұғанова Камәрия Шәкерімқызы (1918-1978) туралы басқасын айтпағанда туған жері мен еліне сіңірген еңбектері жеке зерделеуді талап етеді. «Құрмет белгісі» орденімен, «Үздік еңбек» медалімен, «Лениннің 100 жылдық» медалімен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен марапатталса, 1948 жылдан 1963 жылға дейін бес рет аудандық, қалалық советке депутат болып сайланды. Ақылбек Келбұғанов тоғыз ағайынды, бір әпкесі, жеті аға-інісі болды.

Ақылбек Келбұғанов 1957 ж. Аягөз қаласындағы №243 орта мектептің табалдырығын аттайды, 1965 ж. ЖЛКЖО мүшесі, 1966 ж. комсомол мектеп комитетіне қабылданады. 1968 жылға дейін оның идеологиялық, оқу-тәрбие секторларында «Біздің лениндік комсомол», «Прометей», «Жоғарғы сыныптар» атты клубтарына жетекшілік етсе, «Глобус» атты саяси үйірмеге жауапты болады. Мектепте, әсіресе тарихты, философияны, әдебиетті сүйіп оқиды, тоқығандарын жазып-сызуға дағдыланады. 10-сыныпта Мұса Жәлел (1906-1944) шығармашылығы туралы баяндама оқып, соңын өлеңмен аяқтайды. Бұдан «Өлең мені еркіндікке үйреткен» деген татар ақынының ұстанымы рухани ұлпапын тигізбей қоймағаны байқалады. Әйтсе де болашақ қазақ ойшылының мұнда ата-бабадан келе жатқан сөз ұстаған дарынын біз жоққа шығара алмаймыз.

«А. Келбұғанов философиялық білімді жетілдіру және философияны оқыту әдістемесі жөнінде абыройлы іс атқарды. Оның мәселелік оқыту әдістемесі деңгейіне қоятын талаптары да жоғары. Ол өзінің дәрістерінде мәселенің мәнін ашып, оны шешу жолдары мен тәсілдерін көрсете білген». Оған Ақылбек Келбұғановтың «Дәрістің логикалық негіздері» (1981) атты әдістемелік оқулығы дәлел.

1981 ж. Ұстаз А.Х. Қасымжановпен бірге «О культуре мышления» атты монографиясын Мәскеу қаласында жарыққа шығарып, доцент ғылыми атағына ие болады. Сонымен қатар кітап болғар тілінде «На культуре на мысленете» (1985) Софияда және қазақ тілінде «Ойлау мәдениеті» (1986) Алматыда жарық көрді. Кітапқа арнап досы Бекет Нұржанов 1982 ж. бүкілодақтық «Философия ғылымдары» журналына рецензия жазады. Рецензиядан үзінді келтірсек: «Соңғы жылдары жоғарғы мектепте оқытудың дәстүрлі тәсілдеріне қарағанда бірқатар артықшылықтары бар проблемалық оқыту туралы көп айтылып жүр. Ең бірінші кезекте бұл философияны оқытуға қатысты, өйткені Сократ заманынан-ақ философияның негізгі міндеттерінің бірі проблемалар қою және шешу арқылы ойлау өнеріне үйрету еді; түптеп келгенде, мұндай тәртіппен қарау – кез келген басқа да (тіпті нағыз тәжірибелік) пән үшін заңдылық. А.Х. Қасымжанов пен А.Ж. Келбұғановтың кітабы дәл осындай проблемалық стильде жазылған, ол оқырманды көтерген мәселелерге тартып, көбінесе осы мәселеге немесе авторлардың ұстанымдарына зейін қойып қарауды талап етеді».

О. Пузанов, Т.Ж. Келбұғанов, Л.Ж. Келбұғанова кітапты, «Ойлау мәдениетін» былайша сараптайды: «Дамыған ойға алхимиялық «философиялық ауырлықты» алудың, «мәңгілік қозғаушы күш» туғызудың мүмкін еместігі сияқты және т.с.с. шектеулер бар. Бірақ бұл жерде де барынша сақ болу керек және «дін бұзушылықтың» белгілі бір мөлшерін қосу керек болады, өйткені «жосықсыз» дегендердің қатарында түрлі догмалық схемалар болуы мүмкін. Ой дүрмегінде адам өзін еркін сезінуге үйренуі үшін философия тарихынан артық жоғарғы мектеп табылмас. «Ойлау мәдениеті туралы» кітабының авторларының осы ұстанымы адамның танымдық қабілеттерін бір үлгіге салуға деген кез келген ұмтылысты қабылдамаушылыққа келіп тұйиседі, бұл барлық оқу орындарында білімді тексеру үшін жаппай тестілеу енгізілетін біздің заманымыз үшін барынша өзекті. Кітапта сонымен қатар ой-

өрістің даму көрсеткіші бола алмайтын IQ (Ай Кью) тесттерді абсолюттеуге жол бермеу керектігі туралы ескертіледі. А. Келбұғанов ойлаудың жұпынылығына, бір өлшемділігіне қарсы шықты: «Ой-өріс – кейбір зерттеушілердің оны қаншалықты бөлшектеуге және өлшеуге тырысқанымен, қатып қалған белгілі бір құрылымы болмайтын, салыстырмалы түрде дербес құрылым».

Ақылбек Келбұғанов сол жылдары «Білім» қоғамы Республикалық ұйымы аясындағы ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшесі, «Білім» қоғамы Алматы ұйымының ревизиялық комиссия мүшесі, Университет Жас ғалымдар кеңесі Төрағасының орынбасары қоғамдық жұмыстарын атқарды. 1981 ж. 16 тамызы мен 1982 ж. 14 мамыры аралығында тоғыз ай АҚШ-тың Колледж Парк қаласында орналасқан Мериленд университетінде ғылыми тағылымдамада болады. Мериленд университетінде ғылыми тағылымдамада болған кезінде американдық газетке берген сұхбатында «Менің философия тарихындағы міндетім Багыс философиясының көптеген модификациялары бар екенін дәйектеу. Бұл жерге келместен бұрын ежелгі, ортағасырлық және қазіргі заманғы философия тарихы курстарынан дәрістер оқыған болатынымын. АҚШ-қа келгені американдық философияның дамуына байланысты ізденістер жүргізудемін. Еліме оралған кезде қазіргі заманғы американдық философияны зерттеймін» – деп атап көрсетеді.

Осы ғылыми іс-сапар туралы әпкесі Ләйлә Келбұғанова: «Ақылбек шетелге барған сапарында, философияға, білім, полиграфия салаларына қажет кітаптарды әкеле жүретіні бар еді. АҚШ-тан келе жатқанда 57 кітапты КСРО кедені, «өте құпия кітаптар» деген сылтаумен өткізбей қойған. Сол кезде Ақылбегім бұл кітаптарын өз жеке басына берілмейтін болған соң Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханаға емес, Қазақстанға, Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми кітапханасына жолдауды табандап тұрып, талап еткен. Алайда кеден қызметкерлері, неге екені белгісіз, А. Пушкин атындағы ғылыми-көпшілік кітапханасына жібереді. Алматыға келгеннен кейін Ақылбек өзі жолдаған кітаптарға, ерекше рұқсатпен (!) ғана қолы жетіп жүрді», – деп баяндайды.

Ақылбек Келбұғанов 1985-1986 оқу жылында шетелдік студенттер бойынша философия және экономика факультеті деканының орынбасары қызметімен қатар факультет деканы міндетін атқарады. 1986 ж. Философия және логика тарихы кафедрасының доценті қызметіне жаңа мерзімге конкурсына түсу үшін 17 мамырдағы кафедра мәжілісінің №12 хаттамасындағы сөзінен үзінді: «Доцент қызметіне 1981 ж. маусымда конкурс арқылы сайландым. 1983 ж. СССР Жоғарғы аттестациялық комиссиясы доцент ғылыми дәрежесін бекітті. 1981 ж. тамыз – 1982 ж. мамыр аралығында АҚШ-тың (Колледж Парк қаласында) орналасқан Мериленд университетінде тоғыз айлық ғылыми тағылымдама болдым. Сапардан келген соң тағылымдама материалдары негізінде философия студенттерге арнап «Символикалық логика», «Неміс классикалық философиясы», «Қазіргі буржуазиялық философияны сынау», «Заманауи америкалық философия» атты курстарын дайындадым. Қаңтар айында университет кеңесі 09.00.03. – философия тарихы мамандығы бойынша «Философия тарихындағы ойлау мәдениеті мәселесі» атты докторлық диссертация жұмысының тақырыбын бекітті». Бұл диссертация тақырыбын Ақылбек Келбұғанов шығармашылығы негізінде межесіне жеткізу – қазіргі жас философ ғалымдарға қалған аманат. Қазақ философиясы топырағында

«ойлау мәдениеті» тақырыбында із қалдырған Ағын Қасымжанов пен А.Ж. Келбұғановтың аталмыш еңбектері жалғастығының өзектілігі мен маңыздылығы қазіргі жаһандық заманда артып отырғаны академиялық ортамызда құпия емес.

Ақылбек Келбұғанов 1981 ж. жоғары ғылыми-өндірістік көрсеткіштері мен қоғамдық жұмыстары үшін ОК ЖЛКЖО-ның «Бес жылдықтың жас гвардияшысы» қола белгісімен, 1983, 1984 жылдары Құрмет грамоталарымен, ҚазМУ-дың 50 жыл толуына орай Құрмет грамотасымен, «Білім» қоғамы Республикалық ұйымының Құрмет грамотасымен марапатталды. 1981-1986 жылдар аралығында ғылыми коммунизм теориясы мен философия тарихы докторлық диссертация қорғау бойынша арнайы кеңестің ғалым хатшысы. «Сол кездегі КСРО мен АҚШ арасындағы күрделі жағдайға қарамастан, Ақылбек біздің республикаға Америкадан ғалым шақыртуға қол жеткізді. Бұл жайлы Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхананың мұражайындағы Естелік кітабында америкалық профессордың мына жазбалары куә бола алады: «Мен Алматы халықтарының соншалық қонақжайлылығына өте ризамын. Университет басшыларымен осы кітапхананың директоры және қызметкерлеріне үлкен алғысымды айтамын. Джеймс Лолер, университет, Буффало қаласы, Нью-Йорк штаты. 5 маусым, 1985 жыл».

Ақылбек Келбұғанов 1986 ж. 11 шілдеде шетелге 3 жылдық педагогикалық жұмысқа нұсқау алып, отбасымен Эфиопия астанасы Аддис-Абеба қаласына аттанады. «Ақылбектің Эфиопияға оқытушы болып жұмыс істеуге бару себептерінің бірі тұрмыстың нашарлығынан еді. 1973-1976 ж. Философия және құқық институтында, сосын ҚазМУ-да жұмыс істеп, ол пәтерге аса мұқтаж кезек күткен адамдардың тізімінде болды. Жекеменшік пәтерлерде сенделумен өткен 8 жылдан кейін 1981 ж. Америкаға сапарға шығар алдында Ақылбек ақыры ҚазМУ-дың жатақханасынан ауданы 16 ш.м. болатын бөлмеге қол жеткізеді. Ол бөлмеде тіркелу құқығынсыз, енесі, әйелі және екі баласымен сығылысуға мәжбүр болды», – деп жазады Ләйлә апамыз.

Қазақ философияның Эфиопиядағы бірінші жылы да аяқталуға жақын еді. Туған еліндегі көктемге ұқсамайтын аптап ыстығы ми қайнататын алғашқы өзгеше көктемінде осында қарсы алады.

Қазақ ойшылы Келбұғанов Ақылбек Жолмұхамбетұлы 1987 ж. 27 сәуірде Эфиопия астанасы Аддис-Абеба қаласында жол көлігі апатына ұшырады. Барлығы аяқ астынан болды. Ол жүргізген көліктің дөңгелегі ыстықтан балқыған асфальтке жабысып, бағанаға барып соғылады. Қазақ философияның жағдайы ауыр болды. Емханаға желді жеткізілген бойда алғашқы көмек көрсетіледі. Екі рет ота жасалады. Дегенмен Аддис-Абеба дәрігерлерінің емі шипа болмай, ұшақпен Мәскеуге жөнелтіледі. Мұны естіген әрдайым адал досы Бекет Нұржанов 8 мамырда Мәскеу қаласына университет ұжымы атынан ұшақпен жетеді. Ағасы Төлеуке мен әпкесі Ләйлә да барады. Ләйлә апамыз: «8 мамырда сағат 21.30-да Шереметьево әуежайында жерге қонған ұшақтан күтіп алғаннан кейін жедел жәрдем көлігінде Алеша былай деді: «Мен өмір бойы адамдарға жақсылық жасауға тырыстым, олардың барлығы да маған солай жауап берді. Барлығына ризамын, барлығына!» (бұл кезде дауысы әдеттегіден тыс ақырын шықты). Осы айтқан сөзінен кейін ол жеңілдеп қалды» – дейді. Мәскеу қаласында 20 мамырда тағы да ота жасалды. Өйткенмен маңдайға жазылған тағдырға амал бар ма? 1987 ж. 25 мамырда қазақ философы Келбұғанов Ақылбек Жолмұхамбетұлы 36 жасында көз жұмды. Соңында ауыр қайғыны арқап бауырлары, туған-туысы, жары – Келбұғанова Мәдина, қызы – Келбұғанова Әлия, ұлы – Келбұғанов Жолмұхамбет көздеріне жас алып қала берді.

Қазақ ойшылының өлімі оны білген әрбір азаматтың қабырғасын қайыстырмай қоймады. Өлім туралы сурақ та көп болды. Ләйлә Келбұғанова апамыз тиісті мекемелерге жазған шағымында былай деп көрсетілген: «Ол Эфиопиядан отбасымен бірге мамырдың 8-інен 9-ға қарағанда жеткізілді. Оның қасында неге ота жасаған хирург В.В. Глинка емес, анестезиолог дәрігер ілесіп жүрді? Мен оны сол күні үлкен ағасымен бірге Мәскеуде кездестірдім. Оны ауруларды қабылдау бөлмесінен қан тазарту бөліміне ауыстырған кезде қажетті медициналық көмек не үшін көрсетілмеді, жаттығу құрылысы неге қойылмады? Маған хирург 10 мамырда-ақ бүйректің бүрісу процесі жүріп жатқанын айтқан болатын, ал 11 мамырда Эфиопияда жүргізілген екі отаны да біліктілігі жоқ мамандар жасаған болып шықты деді. Ағасы 10 мамырда, ал мен 11 мамырда қызмет бабымен Алматыға оралдық. Біз оның өмірін сақтап қалу үшін барлық шаралар қолданылатынына сенімді болдық. Неге дәл сол Эфиопиядан жеткізген сәтте түбегейлі шаралар қолданылған жоқ? Әлде әлдеқашан ажалы жеткен бе еді? Неге зарға күткен ота оның келісімімен көп кешіктіріп барып (20 мамырда) жасалды? Ол кімнің неміқұрайдылығынан қайтыс болды? Ағамның түсініксіз өлімі әлі күнге дейін көз алдымызда».

Келбұғанов Ақылбек Жолмұхамбетұлына арнап бүкілодақтық «Философия ғылымдары» журналының 1988 №3 санында қазанама жазылады. Онда: 1987 ж. 25 мамырда С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің философиялық-экономикалық факультеті деканының міндетін атқарушы, философия ғылымдарының докторы, КОКП мүшесі Ақылбек Жолмұхамбетұлы Келбұғановтың өмірі қайғылы түрде аяқталды», – делінген. Сол қазанама хақында Ләйлә апамыз мынадай маңызды дерек келтіреді: «Ақылбек жайлы қазанама 1988 жылы бүкілодақтық «Философские науки» журналында жарық көрді. Ақылбектің АҚШ-қа сол кездегі КСРО Жоғарғы және орта білім беру министрлігінің өкілі ретінде КОКП Орталық Комитеті атынан жіберілгендігін ескере отырып, Мәскеудегі ғылыми-теориялық «Философские науки» журналына телефон шалдым. Журнал редакция алқасының жауапты хатшысы А.А. Пружинина: «Иа, біз Ақылбекке қазанама беруді дайындап жатырмыз. Өмірбаяны жайлы деректі КСРО Жоғарғы және орта білім беру министрлігінің сыртқы мәселелер жөніндегі басқармасынан алдық. Ал, Ақылбектің өзін шығарған еңбектері арқылы білеміз», – деді. Қазанама даярлау редакция атынан журнал қызметкері Г.Н. Савватееваға тапсырылған екен. Ол текстпен танысып шығуы үшін алдын ала қазанаманы маған Алматыға почтамен жіберді. Осы мәселе жөнінде Ақылбектің ғылыми жетекшісі ҚазССР Ғылым академиясының мүше-корреспонденті А.Х. Қасымжановпен ақылдастым. Ол Ақылбектің ғылыми дәрежесі «доктор» емес, «ғылым кандидаты» деген түзету берді. Бірақ, қазанамада «ғылым докторы» деп жариялану кетті. Мен журналға қайта телефон шалдым. Олар маған былай деп жауап берді: «Бұл мәселе, яғни, «ғылым докторы» деп жариялау журнал редакция алқасында ақылдасылған және КСРО Жоғарғы және орта білім беру министрлігінің өкілдері шақырылды. Біз сыртқы мәселелер жөнінде басқарманың бас бастығы Л. Бажановтың да пікірімен танысып. Егер Ақылбек Келбұғанов тірі болғанда оның жарияланған еңбектеріне қарап-ақ философия ғылымдарының докторы деп атақ беруге болады. Біз сол үшін әдейі ғылым докторы деп жаздық. Айтпақшы, сіз Ақылбектің әпкесі, осы мәселеге байланысты марқұм жас ғалымның еңбектерін, құжаттарын жинастырып, КСРО Министрлер Кеңесі жанындағы Жоғарғы аттестациялық комиссияға, академик Е.И. Шемякиннің атына жолдауыңызды сураймыз», – деген (мәскеуліктер өздері осылай деді). Бірақ, өкінішке орай, «Менің інімнің қазасынан есеңгірегенім соншалық, есімді жия алмай қалдым. Екінші бір мәселе – сол тұста академик Г.И. Марчук КСРО Ғылым академиясының Президенті болып кетті... Міне, осылайша, күйбең тіршілікті күйттеп жүргенімде, бауырымыңа, ең бастысы, ғалымның мұраларын жарыққа шығара алмай, тиісті еңбегіне сай дәрежесін (сұранып тұрған) өпеге алмай қалдым. Философия ғылымы және бауырым алдындағы парызым бұл» – дейді апамыз.

Жаратылыстан дарыған жан тазалығын, ақылы мен жүрегі бірдей ұстаған қазақ философияның қамшының сабындай ғұмыры мән мен маңызға толы болды.

Университет қабырғасында бірге оқыған К. Шуляк «Университетте біз бір топта оқыдық, ол топтың еркесі болатын. Егер қасымызда Алеша бар болса, жанымыз жай табатын. Күлімсіреп жүру оның ажырағысыз қасиеті болатын, жан біткен күн сәулесі мен күннің жылуына тартылатындай, Алеша да өзіне адамдарды еріксіз тартып тұратын. Оның еңбекке қабілеттілігі адамды өзінің енжарлығы үшін, ал көпшілікті ебедейсіздігі үшін ұялуға мәжбүрлейтін», – деп еске алады.

Ойшыл өлімінен 10 жыл өткеннен кейін шәкірті Нұрлыбек Садықов былай деп жазды: «Өзінің студент кезіндегі тобында ол ең кішісі болатын. Диссертациясын бәрінен бұрын қорғады... Ол шетел философтарының философиясын өзініңкіндей баяндайтын және шынымен лайық тұсында ғана сын айтатын. Мүмкін, ол оны ұзын құлақтан емес, анық білгендіктен, АҚШ-та 10 айлық тағылымдама кезінде меңгергендіктен шығар. Бірақ ең бастысы, өзін философияға арнағандықтан болар. Оқу бітіру альбомында ол маған: «Барлық күш-жігерімізді философияның абыройына жұмсайық», – деп жазды. Сырттай қарағанда, ол іскер жапондыққа ұқсайтын, бойы кішкентай, көзілдірік киген, сымбатты, жинақы, ұқыпты, әрдайым тап-таза қырынып жүретін. Оның бойынан өткір мінезділік сезіліп тұратын. Лекция оқығанда ол студенттерге қарай бүкіл денесімен иіліңкіреп тұратын. Мұндай адам барлық жерде бірінші болады. Жыл сайын ғылым күнінде ол спорттық жүгіру жарыстарына қатысып, әлдейм бірінші келетін».

Халқымызда «Жақсының аты өшпейді, ғалымның хаты өшпейді» деген дана сөзі бар. Философ Ақылбек Келбұғановтың биік адами бейнесі мен рухани мұрасы халқ тағылымының замандастары мен шәкірттерінің, ізбасарларының, елінің жадынан өшпейтіндігі анық

Әсет ҚҰРАНБЕК,
философия ғылымының кандидаты,
философия кафедрасының меңгерушісі;

Самат ҚАЙРАТҰЛЫ,
PhD

Елімізде ҚазҰУ-дағы Шығыстану факультетінің ашылғанына салыстырмалы түрде көп бола қойған жоқ. Жас ғылымның қалыптасып өркендеуіне білікті мамандар тер төкті. О баста осы саланың басы-қасында жүрген тәжірибелі ғалымдар саусақпен санарлықтай ғана болатын.

Солардың бірегейі профессор Өтеген Күмісбайұлы еді. Кезінде Кеңес одағының беделді білім ордаларында оқыған бұл кісінің білімі кенен болатын. Иран әдебиетінен дәріс оқығанда студенттер ықыласпен тыңдайтын.

Өтеген ағамыз Сыр өңірінен Алматыға білім іздеп келген екен. Келгенде де, пойыз вагондарының үстіне жатып, қиындықтар кешіп келген. Бұл туралы ағамыздың жұбайы Бөлек апайымыз айтты. Өткен ғасырдың 60-жылдары Алматыда Өтеген ағамызды кім күтіп отыр дейсіз? Алаштың астанасы қазақтың өзін жатсынатын кез. Университетке құжат тапсырып, өзі сияқты бозбалалармен бір ұйғырдың кепесін жалдап тұрыпты. Қарындары ашқан кездерде қатқан нанды Алматыда ағып жатқан арық суына жібітіп жеп, сол арықтан су ішеді екен.

Міне, Ө.Күмісбайұлы осындай қиындықтарды еңсеріп, жоғары оқу орнына түсіп, оны табысты түрде аяқтап, тынымсыз ізденіс арқасында ғылымның биік белесіне көтерілді. Мәскеуде білімін толықтырып, шығыс әдебиетін зерттеді. Өзі бір кездері КСРО астанасында қазақтың ақиық ақыны Мұқағалимен қатар оқып, бірге жүргенін мақтанышпен айтады. Ақынның дәріс залына кіріп: «Төлеш, мен елге қайтам. Қайтпасам болмады», - дегенін құдды бір Мұқағали кейпіне кіріп әңгімелейтін. М.Мақатаев Мәскеумен қоштасарда Пушкин ескерткішіне қарап:

«Ал, енді қоштасайық сардар аға,
Мен енді кетем ұшып сар далама,
Қыранның қырандығы - кең далада,
Қыранның қырандығы - тауда ғана»,
- деп жырлағанын тамсана толғайтын. Мұқағалидың көпшілік біле бермейтін ақындық қасиеттері жөнінде сыр шертетін.

Профессор Ө.Күмісбайұлы еліміздің беделді басылымдарында КСРО Ғылым Академиясының Шығыстану институтында, Қазақстан Ғылым Академиясының Әдебиет және өнер институтында, ҚазҰУ-да қызметтер атқарыпты.

Өтегенағамыздың ғылым-білім, поэзия, проза, тілшілік салалардағы еңбектерін атап өтуге тиіспіз. Ө.Күмісбайұлының осылайша сан салада еңбектер қалдыруын бұл кісінің іздемпаздығы, жан-жақтылығы немесе еңбекқорлығы деп білеміз.

Ө.Күмісбайұлының ғылымға сіңірген еңбегі орасан зор екені мәлім. 1989 жылы «XIX-XX ғғ. қазақ және парсы әдеби байланыстары» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. 500-ден астам ғылыми еңбектер жазыпты.

Марқұм академик Рымғали Нұрғали Ө.Күмісбайұлын «менің курстасым» деп мақтанышпен айтып, жас кездерінен қызықты әңгімелерін баяндайтын. Ол кісінің сөздерінен Өтеген ағайымыздың ғылым саласында ересен тер төгіп, елеулі жетістіктерге қол жеткізген дара жолы бар ғалым екенін аңдайтынбыз.



Өтеген Күмісбайұлының дара жолы

Ө.Күмісбайұлы жас кезінде республикалық басылымдарда тілші болыпты. Оның қыр-сырларын қалай меңгергенін, белгілі тілшілер мен жазушылардан көп тәлім алғанын айтқаны бар. Әсіресе, «Қазақ әдебиетінде» жұмыс істеп жүргенінде, редакция тапсырмасымен батыр, жазушы Бауыржан Момышұлынан сұқбат алуға барғанын қызықты етіп әңгімелеп беріп еді.

Бұдан бөлек, көптеген жыр жинақтары жарық көрді. Өлеңдеріне ән жазылып, ел ішіне кеңінен тарады. Мысалы, «АБК» тобы айтқан «Тамшылар» өлеңінің авторы Өтеген ағайымыз еді.

Ө.Күмісбайұлы еліміздегі ғылым-білімнің қара шаңырағы - ҚазҰУ-дың Шығыстану факультетінде декан болды. Кейін профессор Шығыс және Иран әдебиеттерінен дәріс оқыды. Жас шығыстанушыларды Шығыс әдебиетінің жауһарларымен таныстырып, Батыстың әдебиеттанушы ғұламаларының еңбектерімен сусындатты. Барлығын бір-бірімен байланыстырып өтті.

Шығыс пен Батыс, Шығыс пен орыс, Шығыс пен қазақтың әдеби қатынастарын терең зерттеген ғалымның әрбір сабағы қазақты еді. Өзінің зерттеулері негізінде онша-мұнша әдебиет-кітаптарда кездесе бермейтін деректерді келтіріп, әдеби үдерістердің қыр-сырларын бүге-шігесіне дейін баяндайтын.

Студенттерді Шығыс әдебиетіндегі әдеби жанрлардың ерекшеліктерімен таныстырып, әлемге әйгілі туындылардың идеяларын, мазмұндары мен көркемдіктерін ашып көрсететін.

Ағайымыз Иран әдебиетінің жауһар жырларын парсыша оқып, оның орыс тіліндегі аудармаларын мысалға келтіретін. Аудармашылардың үздік тәржімаларын тамсана айтып, кейбір сәтсіз аудармалардың көркемдік тұрғыдан төмен болу себептерін көрсетіп беретін. Арасында Иран шайырларының өлеңдерін өзі қазақшаға тікелей қотарған аудармаларын оқиды. Біз бұл тұста да осы кісінің жанкештілігі мен еңбекқорлығына тәнті болушы едік.

Аударманың түйткілді түйіндерін ашып айта келіп: «Алда тұрған бір мәселе - осы уақытқа дейін орыс тілінен аударылып келе жатқан шығармаларды шайырдың түпнұсқасынан тікелей қазақшаға аудару міндеті», - дейді профессор. Расында да, ғалымның бұл сөзінің жаны бар. Себебі, осы кезге дейін Шығыс шайырларының жырлары қазақ тіліне орыс тілі арқылы аударылғаны мәлім. Үшінші тіл арқылы аударылғанда шығарманың поэтикалық дәмі кетіп қалады. Өйткені, тәржіма процесі кезінде әдеби ой көптеген сүзгіден өтеді. Осындай кездерде негізгі туындыдағы әдеби нәрі кетіп, поэтикалық реңкі солғын тартуы ықтимал.

Осы тұрғыда, ағайымыз шәкірттерін аударма жұмыстарына батыл бару жөнінде кеңес беріп, шабыттандыратын. Содан болар, ағай шәкірттерінің арасынан біраз ақын шықты. Біз ағайымыздың осындай ағартушылық жолын жалғастырып, пендешілік пен қызғаныш дертіне шалынбай, дарынды шығыстанушы жастарды қолдап, демеу көрсетуге тиіспіз.

Ағамыз өзі айтатындай, өзге халық әдебиетінен аударылған өлең ұлттың әдебиет бағына әкеп отырғызылған жас көшет сынды. Оның тамыр жайып, көгеріп кету мүмкіндігі аудармашының көркем ойлау қабілеті мен әдеби біліктілігіне байланысты болмақ.

Профессор Ө.Күмісбаев өте мейірбан жан еді. О кісінің мейірімділігін пайдаланып, еркелеп алатын кездеріміз көп болатын. Ағайымыз аса кешірімді, ілтипатты еді. Ақжарқын көңілді ағайымыз сабақты жан-тәнімен беріліп айтатын. Көрген-білген, оқыған-тоқығанын қазына етіп ақтаратын.

Шаттанып тасығанда көңілі тастүлектей қиянға самғап кететін. Бұл о кісінің сәбидей таза қалпын аңдататын.

Ағамыз өз елін қатты жақсы көретінін аңдайтынбыз. Кеңес кезінде өзі кезіктірген шовинистік көзқарастағы ғалымдар, Орта Азия халықтары тарихының арнайы бұрмаланғаны туралы ашына баяндайтын. Көптеген елдердің кітапханалары мен мұрағаттарында отырғанда біршама тарихи мәліметтерді көзі шалып, көкірегіне түйгендері бар болар, ол кісі кезінде саясиленген тарихты қайта қарайтын кез келгенін меңзейтін. Шынында да, кейінгі уақытта өктемшіл кезеңде бұратана халықтардың тарихи

деректері қасақана бұрмаланып келгені жөнінде деректер көптеп шығуда. Түбі, ақиқаттың мерейі үстем болатынын сезініп қуанғанда, ағайымыздың кезінде айтып кеткен сөздерін еске аламыз. Ақиқат жүзін ашу үшін ғалымдардың орасан күш-жігер сарп етуін талап ететін бұл бағытта да профессор шәкірттері ғылымға олжа салатынына сенімдіміз.

Қазір ғалымның шәкірттері еліміздің алуан саласында тер төгіп жүр. Өзі баулыған шәкірттері оның даңғыл жолына түсіп, диссертациялар қорғап, ғылым белестеріне көтеріліп жүр. Бұл, әрине, Өтеген ағамыздай жақсы ғалымнан тиген шарапат екені белгілі.

Профессор қазақтың шығыстану ғылымын өркендетуге үлкен үлес қосқаны кәміл. Оның өлмес мұрасынан бүгінде қаншама шәкірт сусындап отыр. Өтеген ғалым дүниеден өткенімен, оның артында шәкірттері, мол мұралары қалды. "Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді", - дегендей ағайымыздың аты келешекте де жасай бермегі кәміл.

Г.Қ.ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия
кафедрасының аға оқытушысы

Д.Қ.ДҮЙСЕБАЙ,
Қазақстанның Ирандағы
Елшілігінің Кеңесшісі

МАҢҒЫСТАУ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЭКСПЕДИЦИЯСЫ

«Ұлы Дала тарихы мен мәдениеті» мақсатты жобасы негізінде ұйымдастырылған «Маңғыстау этнографиялық экспедициясы» Маңғыстау тарихи - мәдени қорығы мен Үстірт қорығы қорғауына кіретін тарихи - мәдени ескерткіштер мен табиғат ескерткіштерін, байырғы қоныстар, қорымдар, байырғы тайпалар қалдырған символдар мен атрибуттарды зерттеуге бағытталды. Экспедиция құрамында жоба орындаушы ғалымдар Г.Хабижанова, Т.Қартаева, М.Дауытбекова, А.Қошымова, Н.Сабырғалиева жұмыс жасады.



Оғландыдағы Бекет Ата мешіті

ескерткіштері, Форт-Шевченко этнографиялық музейі, Форт-Шевченко мемориалдық музейі, Маңғыстау облысы тарихи-өлкетану музейі.

Ғылыми зерттеу жұмыстары Маңғыстаудың Бейнеу, Қарақия, Түпқараған аудандары мен Жаңаөзен, Форт - Шевченко қалалары аумағын қамтыды.

Бекет Атаның Оғландыдағы жер асты мешіті XVIII ғасырдың соңғы кезіне саятын сәулеттік ескерткіш. Ескерткіш Республикалық маңызы бар ескерткіштер санатына енеді. Бекет Ата кешеніне зиярат етушілерден және жергілікті тұрғындардан әулиелер басына сырық қою, шырақ жағу көне ғұрыптарының мәні туралы ауызша деректер алынды.

Шақпақ Ата кешенін қамтитын ескерткіштердің қабырғаға салынған суреттер, кесене, қойтас, құлпытасардағы бейнелер фототіркеуге алынды.

Сұлтан Үпі кешені құрамындағы Сұлтан Үпі қорымы, Сұлтан Үпі жертөле мешіті, Сұлтан Үпі құдығы дәстүрлі сәулеттік өнердің бірегей туындысы болса, Сұлтан Үпі шатқалы/сайы, Сұлтан Үпі бұлағы адамның қатысуынсыз жасалған табиғаттың өзі берген сыйы. Адам мен табиғаттың эмоционалдық және ментальды қарым қатынасының бір түрі - «экологиялық руханилық» танымы Сұлтан Үпі бұлағымен байланысты этномедициналық ғұрыптардан көрінеді. Адамдар Әулиелер басындағы қасиетті саналатын құдық сулары, бұлақ, тұма, қайнар суларының қасиетіне сену, ішу, емдік ғұрыптар жасау, ниет етуден рухани рух алу арқылы жанына медет іздейді.

Маңғыстау қазақтарының сенімінде Каспий теңізінің иесі/пірі Сұлтан Үпі үңгірден теңізді бақылып отырып, суға кеткен адамды құтқарған. Маңғыстау қазақтары күн күркіреп, найзағай ойнағанда, қатты су тасқыны болғанда, су апатынан қорғану үшін «Сұлтан Үпі, пенденді су апатынан сақтай гөр», - деп жалбарынған. «Сұлтан Үпі су жағала» танымы осымен байланысты. Сұлтан Үпі Каспий теңізі жағасындағы үңгірі мен жерасты мешітін жер асты жолы жалғап жатқан, - дейді тағы бір аңыз...

Форт - Шевченко қаласының ескі бекінісі орны, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезінде салынған тұрғын үй ғимараттарымен, Баутина қорымындағы сәулеттік құрылыстарымен танысу арқылы отаршылдық кезеңнің жергілікті ескерткіштердегі іздерімен таныстық. Форт - Шевченко музейлер кешенінде этнографиялық мұралар фототіркеуге алынып, ғылыми атрибуциялық өңдеуден өткізілді.

Қапы тауы мен Ембі тауы шатқалдарында сақталған Батыс Түрік қағанаты кезеңіне саятын көне руникалық жазулар, таңбалар, оғыз - қыпшақ дәуіріне саятын таңбалар, эпиграфикалық ескерткіштер фототіркеуге және зерттеу нысанына алынды. Алынған мәліметтерге алғашқы далалық өңдеу, талдау жүргізілді. Жергілікті ескерткіштану, өлкетану бағытындағы мамандармен пікірлесіп, деректер базасы толықтырылды. Жергілікті зерттеушілердің жазбалары ғылыми танымдық сараптама жасауға алынды.

Жергілікті тұрғындар мен жергілікті мамандардың Мемлекет қарауына алған тарихи мәдени ескерткіштерін дәріптеумен қатар табиғатты пайдалану үрдістерін қалыптастырудағы қызметтері бақыланды. Экологиялық тарихи туризм, Экомүзей бағытындағы жұмысты ұйымдастыру ісіне сараптау жасалды. Экспедиция барысында 1000-нан аса символдар мен атрибуттар фототіркеуге алынды. Жергілікті өлкетанушылар және жергілікті қариялармен сұхбаттасы арқылы Хазірет, Ахун, Ишан сияқты діни тұлғалардың байырғы қазақ қоғамында халық арасындағы ролі туралы мәліметтер жинақталды.

Экспедиция мүшелерінің Маңғыстау өңіріндегі ескерткіштерді зерттеу хронологиясы Ерте орта ғасыр, яғни Батыс Түрік қағанаты дәуірі мен Оғыз қыпшақ кезеңінен, XX ғасырдың бас кезіне дейінгі уақытты қамтыды.

Тәттігүл ҚАРТАЕВА,

Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры



Шақпақ Ата жер асты мешітінің сырығы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті-білім алуға зор мүмкіндік беретін, еліміздің ең алдыңғы қатарлы университеттердің бірі. Бұл қарашаңырақта білім алу көптеген жастардың арманы деп айтсақта қателеспеген болармыз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіміздің жеткен жетістіктері өте көп.Оны дәлелдейтін бірден-бір себеп, елбасы Н.Ә.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде 2 қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шығып, QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтерілді. Посткеңестік елдерден тек екі университет қана осы топқа еніп отыр – М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Яғни ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы

БОЛАШАҚҚА ҰМТЫЛЫС



университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Қазақ ұлттық университетінің әлемдік білім беру кеңістігіндегі көшбасшылық деңгейі басқа да халықаралық рейтингтік агенттіктерде көрініс табуда. ҚазҰУ әлемдегі үздік 200 экологиялық және ең озық

технологиялық университеттердің үздік 50 тобына кіреді. Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді.Көптеген шет елдерден біздің университетке келіп жатқан

білім алушылардың саны көбеюде.Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

Қазіргі заманауи университеттің миссиясы тек білікті және бәсекеге қабілетті кадрларды дайындаумен шектелмейді, ол адамзаттың болашағына жауапты өз заманының шынайы азаматтарын қалыптастырумен толықтырылуы тиіс.

Бүгінде ҚазҰУ-ды- феноменалды тәжірибесін әлемнің жетекші университеттері зерттеуде, бұл – университеттің әлемдік деңгейдегі жоғары бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші. ҚазҰУ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сондықтанда әрбір болашақ жас түлек ҚазҰУ-дай еңселі білім ордасында сапалы білім алып және өз саласында кәсіби маман иесі атануына мүмкіндік ала алады.

Акерке ӘДІЛБАЙ,

педагогика және психология мамандығының 2-курс магистранты

Алия ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,

п.ғ.к., доцент м.а.

«НЕВАДА-СЕМЕЙ» - 32 ЖЫЛ

Әлемдік пандемия жағдайында оқу жүйесінің жұмысын бір қалыпқа келтіру, барлығына қолайлы етіп ұйымдастыру мен үйлестіру мәселесі туындағаны анық. Әсіресе, білім сапасын төмендетіп алмай, студенттердің қашықтан алынған ақпаратты меңгеру дәрежесін арттыру сияқты мәселелердің өзектілігі арта түсті.

Университетімізде ұзақ уақыт бойында «univer.kaznu.kz» жүйесін студенттерге білім беру барысында пән бойынша студенттерге ұсынылатын ақпарат, яғни, оқу-әдістемелік кешенді орналастыру, студенттердің білім деңгейін бағалау сияқты қарапайым амалдарды орындау мақсатында пайдаланып келген. Соңғы жылдарда «dl.kaznu.kz» қашықтан оқыту жүйесі негізінен сыртқы бөлім студенттеріне білім беру мақсатында және денсаулығына байланысты қашықтан оқыту жүйесін пайдалануға мәжбүр студенттер үшін пайдаланылып келген болатын.

Бүкіл әлемді жайлаған пандемия жағдайында «онлайн» режимде жұмыс істеу мақсатында Профессор-оқытушылар құрамының басым бөлігі «univer.kaznu.kz» жүйесін қолайлы деп тапқанымен, бүгінде Мудл жүйесінің берер мүмкіндіктері көп екеніне тағы да тоқтала кетуіміз қажет. Мұндай мүмкіндіктер ретінде әрине ақпаратпен қамтамасыз ету, яғни, пәннің оқу-әдістемелік кешенін оңай жүктеу, студенттерге арналған тапсырмаларды жеңіл орналастыру, орындалу барысын қадағалау, тест тапсырмаларын да оқытушы өзі қалаған көлемде, қолайлы деп тапқан нысанда орналастыру, тестті орындау уақыты мен берілген жауаптарды қадағалау сынды мүмкіндіктерді атауға болады. Қосымша пайдалануға болатын ақпарат көзі ретінде арнайы сайттарға, кітаптар мен видеоларға, тағы да басқаларына сілтеме орналастыруға да болады. Барлық жүктелген ақпаратты апта сайын бір парақшадан әр пән бойынша жеке көру мүмкіндігі бар. Оқытушылардың пәндері бойынша барлық материал мен тапсырмаларды бірнеше топтарға қайталап орналастыру мүмкіндігі де шектелмеген. Студенттердің

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР



орындаған тапсырмалары үшін алған бағаны бірден «универ» жүйесіне көшіріп қою да осы қашықтан оқыту жүйесінің ерекшелігі деп есептеледі. Бұның барлығы жалпыға белгілі Мудл ҚОЖ беретін мүмкіндіктер болғанымен, айрықша артықшылығын сипаттағымыз келеді.

Ең басты мүмкіндікті осы Мудл қосымша оқыту жүйесіндегі BigBlueButton элементі арқылы бейнеконференция ұйымдастыруға болатындығымен сипаттауға болады. Профессор-оқытушылар құрамының басым бөлігі Zoom, Teams арқылы өткізілген сабақтарын арнайы орындарда сақтап, оның сілтемесін сәйкесінше «универ» жүйесіне қоюға міндеттелді, бұл әрине бірнеше жұмысты жасауды қажет етеді және көп уақытты алады. BigBlueButton элементін қолданар болсаңыз сабақ кестесіне сай бекітілген уақытта бейнеконференция жасай аласыз, оны арнайы сақтау шаралары қажет емес, жүйе өзі автоматты түрде жазбаны сақтайды және студенттерге оны қай кезде болса да қайталап көруге мүмкіндік береді. Бейнеконференцияны синхронды сипатта да, асинхронды сипатта да өткізуге болатындығы да үлкен мүмкіндік береді, себебі, асинхронды нысанда өткізгіңіз

келген жағдайда белгілі-бір қосымша арқылы өткізіп, оны арнайы сақтап, тек содан кейін ғана сілтеме орналастыру арқылы сабағыңызды жүктей аласыз, ал BigBlueButton жүйеде автоматты түрде сақтайды. Басқа қосымшалар сияқты сабақтың презентациясын жектеуге, айрықша белгілермен айрықша көрсетуге де арнайы мүмкіндіктері бар.

Әрине, мүмкіндіктер қаншалықты көп болғанымен кемшіліктері де аз емес, ең басты жетіспеушілік студенттердің сабаққа қатысуын белгілеу журналының жоқтығы деп ойлаймыз, әрине, тапсырма бекітілген уақыт арқылы олардың қатысу дәрежесін айқын көруге болады, дегенмен бүгінгі жағдайларға байланысты кей кездерде жауаптарын жүктеу мерзімін ұзартуға тура келіп жатады, ал оны қосымша түзету басқа студенттерге де мүмкіндік ашып қояды. Сол себепті мамандар осы журнал мәселесін қарастыратын болса, оны болашақта қосу мүмкін болған жағдайда Мудл ҚОЖ жүйесі қашықтан білім берудің ең негізгі және ең тиімді жүйесі болатыны анық.

А.З. АРЫСТАМБАЕВА,
аға оқытушы

Биыл Халықаралық ядролық сынаққа қарсы «Невада-Семей» қозғалысына 32 жыл толды. Маңызды күннің құрметіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Невада-Семей» жастар ұйымы «Қазақстан Республикасының экологиясын қалпына келтірудің түбегейлі қажеттілігіне байланысты «Невада-Семей» қозғалысының алға қойған міндеттері» тақырыбында Zoom платформасы арқылы онлайн форматта дөңгелек үстел өткізді.

Онлайн дөңгелек үстел барысында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың «Невада-Семей» жастар ұйымының төрағасы, тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының аға оқытушысы Танабекова Гүлжанат Бақытқызы сөз сөйледі. «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалыстың ғаламшардағы ең беделді және бітімгершілік жолындағы тиімді қозғалыстың бейбітшілік үшін күрестегі маңызды рөлін атап өтті.

ЮНЕСКО-ның шешімі бойынша адамзатқа жасаған қызметі үшін оның қызметі «Әлемнің жады» Дүниежүзілік тізіліміне енгізілген. Қозғалыс осындай жетістікке қол жеткізді, әлемде бірінші рет жаңа модель - қоғамдық және парламенттік дипломатияның өзара әрекеттесуі - жалпы қарусыздану жолында алғашқы нақты қадам жасап, ғаламшардағы ең үлкен полигондарда ядролық сынақтарды тоқтатты.

Дөңгелек үстел барысында «Невада-Семей» халықаралық антиядролық қозғалысының бірінші вице-президенті Ефим Львович Зуслин сөз сөйледі. ХАҚ «Невада-Семейдің» осы уақытқа дейін жеткен жетістіктері жайлы және экологиялық мәселелерді шешудегі алға қойған мақсаттарымен бөлісті.

Дөңгелек үстел аясында Семей полигонында сутегі бомбасын сынау туралы бейнеролик көрсетілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар радиацияны қауіпсіздікке және мемлекеттің экологиялық ахуалына қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

Г.Б. ТАНАБЕКОВА,
А.Е. ОРАЗБАЕВ,

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары

В условиях пандемии и глобальной борьбы с COVID-19 особое значение приобретает физическая активность как метод поддержания хорошей физической формы, улучшения самочувствия, жизненного тонуса и способности организма противостоять вирусной атаке.

В настоящее время мир переживает беспрецедентный глобальный кризис в области здравоохранения – COVID-19 провоцирует человеческие страдания, дестабилизирует мировую экономику и в корне меняет жизни миллиардов людей во всем мире.

Обеспечение здорового образа жизни и содействие благополучию для всех в любом возрасте – важные составляющие устойчивого развития.

Двигательная активность — это любая мышечная активность, позволяющая поддерживать хорошую физическую форму, улучшать самочувствие, обеспечивать прилив энергии, дающей дополнительный стимул жизни.

Мобилизацией физических резервов человеческого тела в течение тысячелетий выработало способность встречать внешний раздражитель. В настоящее время сила раздражителей постоянно возрастает, физические силы приводятся в готовность к действию, а реализовать их не представляется возможным. Большую часть физической нагрузки выполняют за человека механизмы. Мы как бы пребываем в ситуации постоянной готовности к действию, которое нам не позволено выполнять, и тело, в конце концов, начинает испытывать негативные последствия такого состояния.

Двигательная активность против COVID-19

Увеличение эмоциональных нагрузок неизбежно в связи с тем, что поток информации постоянно растет, а физические нагрузки постоянно сокращаются. Для создания условий поддержания своего здоровья на необходимом уровне нужна физическая культура. Человек должен сам выработать в себе постоянную привычку заниматься физической культурой и спортом, чтобы обеспечить гармоничное равновесие между умственными и физическими нагрузками. Это одна из основных частей индивидуальной системы здорового образа жизни.

Физическая культура всегда занимала ведущее место в подготовке человека к активной плодотворной жизнедеятельности. Она может успешно решить проблему нарушенного равновесия между силой эмоциональных раздражителей и реализацией физических потребностей тела. Это верный путь к укреплению духовного и физического здоровья.

Физическая активность оказывает важное воздействие на умение человека приспосабливаться к внезапным и сильным функциональным колебаниям. Всего у человека 600 мускулов, и этот мощный двигательный аппарат требует постоянной тренировки и упражнений. Мышечные движения создают громадный поток нервных импульсов, направляющихся в мозг, поддерживают нормальный тонус нервных центров, заряжают их энергией, снимают эмоциональную перегрузку. Кроме того, люди, постоянно занимающиеся спортом, внешне выглядят

более привлекательными. Занятия спортом — лучшая мера профилактики употребления алкоголя, курения и наркомании.

Тренированность придает человеку уверенность в себе. Люди, постоянно занимающиеся физической культурой, меньше подвержены стрессу, они лучше справляются с беспокойством, тревогой, угнетенностью, гневом и страхом. Они не только способны легче расслабиться, но и умеют снять эмоциональное напряжение с помощью определенных упражнений. Физически тренированные люди лучше сопротивляются болезням, им легче вовремя засыпать, сон у них крепче, им требуется меньше времени, чтобы выспаться. Некоторые физиологи считают, что каждый час физической активности продлевает жизнь человека на два-три часа.

Обобщая все сказанное, можно сделать вывод, что каждый человек для обеспечения хорошего уровня здоровья должен иметь тренированное, гибкое тело, способное обеспечить реальные замыслы по работе в процессе жизнедеятельности.

Айжан РАУШАНОВА,
заместитель заведующей кафедры
«Эпидемиология, биостатистика и
доказательная медицина» по научно-
инновационной работе и международным
связям, PhD, ассоциированный профессор

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ФЛАГМАНЫ

Қазіргі әлемде біздің Қазақстандықтарда бір ғана Отанымыз бар - біздің Тәуелсіз Қазақстан. Біз өз елімізді кең байтақ жерімен, жер қойнауы мен табиғаттың байлығымен, ежелгі тарихымен және лайықты бүгінгімен мақтан тұтамыз.



қарқынмен дамуын жалғастырып келеді. Біздің нақты тексерілген іс - қимыл стратегиямыздың басты нәтижесі қазақстандық мемлекеттіліктің толығымен орын алуы болды», - деді президент.

«Қазақстан - біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ. Мен барша қазақстандықтарды ұлтаралық және конфессияаралық келісімді одан әрі нығайтуға шақырамын. Бұл біздің мәңгілік құндылықтарымыз. Осы экономикалық ақиқатты сақтай отырып қана біз мәңгілік халық, мәңгілік астана және мәңгілік мемлекет туралы айта аламыз. XXI ғасыр біздің халқымыздың және Қазақстан тарихының үздік шыңы болатынына менің сенімім бар», - деді Елбасы.

Жиырма бірінші ғасырда Қазақстан жаңа мақсаттар қояды - мемлекет пен қоғамды жаңғыртудың салмақты міндеттерін қояды және шешеді. Осылайша әрбір қазақстандықтың жаңа армандары мен үміттері туады. Бұл жол Президенттің 2050 Стратегиясында және «Мәңгілік ел» жалпы ұлттық идеясында айқын белгіленген, онда жаңа жасампаз күш, Қазақстан тәуелсіздігінің барлық өмірлік философиясының практикалық мәні мен даналығы жатыр.

Біздің университет туралы айтып бергім келеді. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті - республикамыздың жетекші жоғары оқу орны. Университет 1934 жылы құрылған. Бұл университет өте қиын жолдан өтті осы уақыт ішінде біздің университет қазақ ғылымы мен Қазақ жоғары білімінің дамуына үлкен үлес қосты.

Бүгінгі таңда ҚазҰУ - 16 факультет, 8 ғылыми институт және 18 мыңнан астам студент оқиды. Біздің университет Республиканың тәуелсіздігін сақтауға өз үлесін қосады, біздің әсем елімізді қолдау және дамыту үшін мамандар дайындайды.

Біздің Отанымыздың көк туын биік көтеріп, мақтанышпен алып жүру біз үшін абырой болды. Біз оны әрдайым алға жылжытып, дамудың жаңа биіктерін бағындырамыз.

Д. СЕРИКОВ,

биология және биотехнология факультетінің 1-курс студенті

С. Д. АТАБАЕВА,

биотехнология кафедрасының профессоры

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Елбасы Н.Ә.Назарбаев тапсырған және Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласын дамытудың мемлекеттік бағдарламасына енгізілген 2020 жылы әлемнің ең үздік 200 жоғары оқу орындарының қатарына кем дегенде екі қазақстандық ЖОО-ның кіруі міндетін абыроймен орындап шықты.

МҮМКІНДІКТЕР ОРДАСЫ

Қазақстандық университет QS жаһандық рейтингінде 165-орынға көтеріліп, феноменалды серпіліс жасады. ҚазҰУ халықаралық ғылым және білім кеңістігіндегі өзінің әлемдік көшбасшы университеттер қатарында екендігін дәлелдеді. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі Әбу Насыр Әл-Фараби былай деп жазды: «Білімді болу деген сөздің мағынасы — белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген ұғым». Осыған орай, ҚазҰУ сапалы білім алуға және өз саласында кәсіпқой болуға мүмкіндік береді.

Соның ішінде, өзім біліп алып жатқан Философияжәнесаясаттану факультеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасына тоқталғым келіп отыр. Алғаш қаланғаннан қазіргі күнге дейін қаншама түлектер білім алып, елімізді көркейтуге ат салысып жүр. Кафедра жылдан-жылға толығып, дамып келеді, соның дәлелі профессор Н.Ж. Байтенованың кафедраға басшылыққа келумен кафедра тарихының жаңа кезеңі басталды. Оның жетекшілігімен кафедра ғылыми зерттеу жұмыстарын белсенді жүргізе бастады. Ғылыми зерттеудің басым бағыты заманауи діни жағдайдың өзекті мәселелерімен байланысты. Соңғы 5 жылда ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есім және профессор Н.Ж. Байтенованың жетекшілігімен авторлық жұмыс Қ.А. Затов, Ш.С. Рысбекова, Қ.М. Борбасова, Б.К. Бейсенов, Б.Б. Мейірбаев, С.У. Абжаловтар тарапынан Білім және ғылым министрлігінің бірнеше гранттары ұтып алынды. Дінтанудың

маңызды мәселелері бойынша кітаптар баспаға шықты: «Қысқаша діндер тарихы», «Дінтану негіздері», «Қазіргі Қазақстандағы жаңа діни ұйымдар», «Қазіргі дәстүрден тыс діни ағымдар мен культтер» Сонымен қатар, кафедра дінтану мамандығы бойынша республикалық оқу әдістемелік орталықтың секциясы болып табылады. Кафедра оқытушылары еліміздің басқа да оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, мамандықты жетілдірулеріне қолдау көрсетіп келеді. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы мамандар дайындау бойынша жетекші кафедра болып табылады.

Бүгінгі талапкер – тәуелсіз Қазақстан Республикасының дамуына өз үлесін қосар ертеңгі ел азаматы. Осындай білім ордасында оқу-әрбір түлектің арманы десек қателеспейтін шығармыз. ҚазҰУ әрбір студентке сапалы білім, естен кетпес студенттік өмір, керемет мүмкіндіктер сыйлайды. Мен осы білім ордасында оқып жатқанымға өте қуаныштымын және талапкерлерге, болашақ түлектерге де дұрыс таңдау жасауға кеңес беремін.

Д. САДЫРБЕК,

ҚазҰУ студенті

А. ҚҰРМАНАЛИЕВА,

ғылыми жетекшісі,

дінтану және мәдениеттану

кафедрасының меңгерушісі

филос.ғ.д., профессор

ҒАСЫР ДЕРТІ

Ертеде халқымыз білімнен хабарсыз еді, тылсым дүниенің қыр-сырын түсінбеген кезде, ауырғанда емшіге барып немесе түрлі шөптермен емделгені бәрімізге аян. Ал бүгінгі білім ғасырында, технологияның дамыған заманында медицина саласында озық ойлы, білікті мамандарды ойландырып, емін таба алмай келе жатқан дерттің бірі – ЖИТС.

Аурудың арнайы емі жоқ, сондықтан барлық жүргізілген шаралар ауруды тежеуге және адам өмірінің сапасын шамалы болса да ұзартуға көмектесетінін түсіндіру мақсатында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, биология және биотехнология факультетінің, биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасында «Биомедицина» 2-курс студенттерімен бірге «Спирт ғасыр дерті» тақырыбында кураторлық сағат өтілді. Іс-шараға кафедрамыздың оқытушылары қатысты.

Статистикалық мәліметтер бойынша Қазақстанда ЖИТС-пен аурауындар саны 1-ші орында Қарағанды облысы, оның ішінде Теміртау қаласы, 2-ші орында Павлодар облысы, оның ішінде Екібастұз қаласы, 3-ші орында Түркістан облысы оның ішінде Алматы, Шымент, Тараз қалалары.

Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы 1988 жылы 1 желтоқсан күні ЖИТС- пен күресу күні деп белгіледі және әлеуметтік төзімділікке шақырды. Содан бері бұл күн әр түрлі ұрандармен, іс- шаралармен өткізіледі. Іс- шаралардың мақсаты – халықты салауатты өмір салтын насихаттауға шақыру, аждаһа дертті ауыздықтау, халыққа аурудың алдын-алу мен жұқтырып алмау тәсілдерін түсіндіру.

Қазіргі таңда бүкіл әлемді толғандырып отырған мәселелердің бірі – адам денсаулығы. Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өздеріңізге белгілі еліміздің дамуының ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2030» стратегиясында халық денсаулығын сақтауды басты бағдар ретінде қарастырғанын білесіздер. Яғни, мемлекеттің бірінші кезектегі атқаратын шараларының бірі халық денсаулығын нығайту.

Н. Ә. Назарбаевтың ұсынған Ұлт жоспары-«100 нақты қадам» бес институционалдық реформасының 82-қадамының басты мақсаты: медициналық қызмет көрсетудің алдыңғы қатарлы стандарттарын енгізу (емдеу хаттамалары, кадрлар әзірлеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, сапаны қолжетімдікті бақылау) жайлы тапсырма берді.

Іс-шара соңында кафедра меңгерушісі, б.ғ.к., профессор А.Қыстубаева, оқытушы, б.ғ.к., доцент Н. Аблайханова, б.ғ.к., аға оқытушы М.С. Кұлбаева сөз сөйлеп, «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» демекші, адамға денсаулық бір- ақ рет беріледі, ал сіздің денсаулығыңыз – өзіңіздің қолыңызда. Әр адамның мәнді де сәнді өмір сүруі үшін денсаулықтың әсері ұшан-теңіз екен. Сондықтан да өмірдегі ең жарқын жастық шақтарымызда дендеріміздің саулығына бүгіннен бастап қамқор болайық. Жастық шақтарымыздың тамырына анаша, арақ, темекі балта болып шабылмасын. Оқытушылар қауымы студенттерге алғысын айтып, сәттілік тіледі.

М.А.СЕЙДАЛИЕВ,

№75 Жамбыл атындағы орта мектептің директоры

Н.М.СЕЙДАЛИЕВА,

биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының оқытушысы

Адамзат тарихында Конфуцийдің ұлылығы мен ойшылдығын бүкіл әлем жұртшылығы мойындайды. Іліміндегі басты мәселе – адам. Адамның тұлғалық жетілуімен байланысты оның қоғамдық тұлға ретіндегі парыздары мен қызметтері туралы ой толғайды. Осыған байланысты Конфуцийдің адам жайындағы даналық өсиеттері тек қытай халқы үшін ғана емес, қазіргі рухани дағдарысты жағдайды басынан өткізіп отырған бүкіл адамзат баласы үшін маңызды.

КОНФУЦИЙ ІЛІМІНДЕГІ ДАНАЛЫҚ, ТАҒЫЛЫМДАР

Адамға қатысты адамгершіліктің мәнін танытатын ой-тұжырымдары адам болмысын, оның бітімін сипаттап, қысқа-нұсқа мазмұнды түрде өзі айтып кеткендей тани, ойлай алатын кез-келген адамды толғандырады. Конфуций адамның кісілік мазмұнына тоқталып, оның соншалықты маңыздылығын ашып көрсетеді. «Жэнь - адамгершілік қасиетіне ие адам ғана, басқа адамдарды жақсы көре алады», - деп адамгершілік мәселесін өмір сүрудегі өзекті мәселе ретінде тұжырымдаған. «Байлықа ұмтылу мен атаққа деген құмарлық барлық адамдарға тән қасиет. Егер адамдар ұстанатын ақиқат жолы - Дао анықталмаса, адамдар адамгершілік пен ізгілік қасиеттерінен айырылады», - дей отырып өз ілімінде кісілік, адамгершілік мәселесін адамдықтың тірегі, өлшемі ретінде түсіндіреді.

Күн ұстаз адам мәнін «бес тұрақтылық» («五 德» - у чань) арқылы шешуге тырысады. Тұрақтылық ұғымы Конфуций ілімінде басты мәселе ретінде айтылады. Себебі, Аспан – тұрақты, ол әлемдегі жоғарғы күш, ал аспан астындағылар өтпелі. Осы өзгермелі, өтпелі тіршілікте адамдық қасиеттердің тұрақтылығы маңызды екенін тұжырымдауымен, тұрақтылық мәселесін қозғап, түпкілікті орнатуға бар күш жігерін арнады. Тұрақтылықты

Конфуций ілімінің сан қырлы ерекшеліктері адамды парасаттылық деңгейіне көтеру мақсатында адамның жақсы қасиеттерін сараптай отырып, міндетті түрде адамилыққа кереғар қасиеттердің барлығына да одан сақтандырып отыруды да мақсат тұтқан.

орнықтыру мақсатында өткен дәстүрлерге ерекше мән берді. «Өткенді әспеттей отырып, жаңаның мәнісін ұққан кісі ғана ұстаз бола алады» деген ойы да, айтылған ойдың дәлелі деуге болады.

Бес тұрақтылық: Бірінші тұрақтылық – «仁 - жэнь» (адамды сүю мағынасындағы адамгершілік), екінші – «信 - синь» (шынайылық, адалдық), үшінші – «義 - и» (әділеттілік, сыпайылық, парыз), төртінші – «智 - чжи» (парасаттылық, білім), бесінші – «禮 - ли» рәсімдерді ұстану. концепция болып табылады.

Конфуций рухани құндылық ретінде адамгершілікті - «жэнь» ерекше атайды. «Жэнь – адамға деген махаббат» дей отырып, жэньнің мән-мағынасын айқындайды. Жэнь адамдар қарым-қатынасындағы этикалық нормалардың жиынтығы, адамсүйгіштік, мейірімділік,

кісілік, адамгершілік деп түсіндіреді. Адамдардың адамгершілікке ұмтылуын игілік деп сендіреді. Адамгершілік адамдарды басқаға қатысты дұрыс, объективті көзқарастар қалыптастырып, басқаға өзіне тілемейтін нәрсені жасамайтын өмір салты деп танытады. Жэнь ілімінің алтын ережесі аталынған бұл қағида бүкіл адамзаттық қағида ретінде әлем жұртшылығына әйгілі болды. Адамгершілік қасиет адамның ішкі руханилығын анықтайды, ол сырттан келмейді, оны адамның өзі тауып, өзі жоғалтады деген тұжырым жасайды

Қытай дүниетанымында Батыс Еуропа мәдениетінде қалыптасқан этика ұғымына сабақтас «论理 - Лунь ли» ұғымы бар. «Лунь ли» - тікелей аудармасында «қарым-қатынастар қағидасы» деген мағына береді. Ежелгі қытай философиясында этикалық түсініктер адам мен оны қоршаған әлемнің рухани жетілуі арқылы, адамгершілік негізінде, жаман қасиеттерді жеңіп, ізгілікке ұмтылуды білдірген.

Конфуций этикалық қағидалардың мақсат-міндеттерін анықтаған. Өмірлік көзқарастарды, ойларды бір мақсатқа, бір ізге салу керектігін осыған байланысты кез-келген адам өз өмірінде белгілі бір жоспарларды жүйелеп білім алуы қажет деп тұжырымдады. Кішігірім мәселелерді өмірлік мақсаттарды назарға алуды және талап ететін маңызды істерді де, тиімді шешу этикаға байланысты деп көрсетті. Конфуций бойынша кісілік – жэньдік сипаттың бір көрінісі. Адам әдебінің бір бөлінбес бөлшегі. Кісілік адам өмірінің барлық салаларын қамтиды. Ол дүниедегі нәрселердің барлығына қалай өмір сүретінін таныстырумен

ғана шектелмейді. Себебі дүниедегі нәрселердің барлығы бір-бірімен сабақтас, байланысты яғни белгілі бір қағидаларға мойынсұнып, сол қағидалардың жолынан бұрылмауға әрекет етеді.

Конфуций ілімінің сан қырлы ерекшеліктері адамды парасаттылық деңгейіне көтеру мақсатында адамның жақсы қасиеттерін сараптай отырып, міндетті түрде адамилыққа кереғар қасиеттердің барлығына да одан сақтандырып отыруды да мақсат тұтқан. Адамға қатысты қасиеттердің мәнін ашып, оны қалаптастырудағы әдіс-тәсілдер ретінде ұқыпты болуды және оны шынайы, жатық, қысқа-нұсқа нұсқалармен жеткізген. Конфуций орнықтырған бұл өсиетнамадан кез-келген халық өзіне қажетті тәрбие көзін тауып, тәлім алуына ыңғайылығын көреміз. Конфуций



қалдырған адамгершілік мұраның тәрбиелік мәнінің қуаттылығы, кімді болса да ойландырмай қоймайды

Қытай қоғамының қазіргі күнге дейін өз үстемдігін сақтаған ерекшелігінің бірі - дәстүршілдік. Яғни қытай қоғамы - дәстүршілдікті жоғары бағалаған қоғам. Қытайлықтар үнемі ежелгі тарихы мен дәстүріне сілтеме жасап оны сақтап, дәріптеп қазіргі замандағы дамудың іргетасы санайды. Қытай тарихына үңілсек, осы жоғарыда айтылған тұжырымдаманың дәлеліне көз жеткіземіз. Мысалы, Конфуций: «Мен жаңа ілімдерді қалыптастырушы емес, көнені жеткізушімін, мен көне ілімдерге үміт артамын және ерекше құрметтеймін», - деген. Осындай ой-тұжырымдар біздің ойымызша, қытайлықтардың ұлттық санасына тән ерекшелік екенін, ежелгі Қытай философиясының қалыптасуына және оның дүниетанымдық сипаттарының тереңдігіне ықпал еткенін көруге болады.

Қоғам үшін оның ұстанымдарының міндеті – өркендеу жолы, соған бастайтын ілімнің қажеттілігі. Сондықтан болар әлеуметтік мәселе ретінде, этикалық жүйе Конфуций қатарлы ойшылдарды қатты толғандырған. Конфуций бойынша әлеуметтік дамудың тұғыры дәстүр деп оған ерекше мән берген. Осыған байланысты халықтың өткеніне, кезеңдері мен ұрпақтары жалғастығына, өз еңбегінде маңызды орын берген. Адами мінез-құлықтағы сабақтастықтың болмауы маңызды фактор ретінде әлеуметтік қоғам мәселесін шешеді. Билік ету, мемлекеттік басқару өнері ең алдымен менталитеттегі ерекшелікті сонымен қатар әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыруға негізделетінін Конфуций жақсы білген. Сондықтан ол әлеуметтік-этикалық, қоғамдық мәселелерді жан-жақты түсіндіруге тырысады. Қоғамның менталдық ерекшеліктерін пайымдау арқылы талдау барысында адам мен қоғам арасындағы уақыт пен кеңістікте туындайтын өзара байланыстардың барлығын оны ескермеуге болмайтынын пайымдатады. Себебі ежелгі қытай қоғамындағы ұғым-түсініктер қоғамдық құрылымға тән көзқарас негізінде

қалыптасқан халықтың этикаға деген сенімін көрсетеді. Салт-дәстүр, әдет-ғұрып – халықтың менталитетке негізделген өмірлік тәжірибе жиынтығы.

Конфуций ілімінің әлеуметтік мәні – әлеуметтік тәртіптің орнығуы; ата – ата жолымен, бала – бала жолымен; мемлекет – мемлекет жолымен; яғни бұл тіршілікте әркім өз орнында болуы тиіс, әрқайсысы өз құқығын біліп, өз міндетін адал атқаруға міндетті, өзіне тиістілігін ғана біліп, өзіне лайықтылығын істеген дұрыс саналады. Осындай әлеуметтік қалыпқа бөлінген жоғары қабат пен төменгі қабат, бірінші басқару қызметін, екінші еңбек ету міндетін орындауы тиіс деп саналады. Конфуций ілімі негізінде орныққан мұндай тәртіп, ескіден қалыптасқан дәстүр, аңызға айналған тәртіп деп тұжырымдалады. Конфуций адамдарды жоғары және төменгі қабат деп бөлу принципін, адамдардың байлығына, тегіне, атағына байланысты емес, олардың «жэньдік» принципті негізге алған тәрбиесіне, «парасатты ер» үлгісіне жақындығына орай бөледі. Жалпы, Конфуций ілімі батыстық экзистенциализмнен бөлек, ол қытай қоғамының дүниетанымдық негіздерін өзіндік өрнекте сипаттайды. Ежелгі қытай халқының философиялық ойларының негізіне айналған Конфуцилік ой-таным үлгісі өзіндік ерекшелігімен ежелден келе жатқан дәстүрден нәр алғандығын көрсетеді.

Бүгінгі таңда Конфуций идеялары қытай мәдениетінде кеңінен орын алып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Қытай, Корея, Жапония, Оңтүстік-Шығыс халықтары даосистік-конфуцийлік мәдениеттен рухани азық алуда. Керектесе, Қытай елінде Конфуций ілімі тағы да елдің рухани өмірінің негізі деп жарияланып отыр. Олай болса, конфуцийлік-даосистік мәдениеттің тамыры тереңде жатыр, ол қоғамның шығармашылық мүмкіндіктерінің қозғаушы ұлы факторына айналып отыр.

Назгүл ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
PhD, философия кафедрасының
аға оқытушысы

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЙҚАУ!

Нұрсұлтан Назарбаев Қоры мен Мемлекеттік тілді дамыту қоры студенттер мен магистранттар арасында «Абай әлемі» ғылыми байқауын екінші рет ұйымдастырып отыр.

«Абай әлемі»
ғылыми байқауы

Студенттер мен магистранттар арасында
1 сәуір - 1 шілде (2021)
II жыл сайынғы жас ғалымдар байқауы

СЫЙАҚЫ ҚОРЫ

СТУДЕНТТЕР АРАСЫНДА:	МАГИСТРАНТТАР АРАСЫНДА:
1 ОРЫН - 400 000ТГ (1 ЖҮЛДЕ)	1 ОРЫН - 500 000ТГ (1 ЖҮЛДЕ)
2 ОРЫН - 300 000ТГ (2 ЖҮЛДЕ)	2 ОРЫН - 400 000ТГ (2 ЖҮЛДЕ)
3 ОРЫН - 200 000ТГ (3 ЖҮЛДЕ)	3 ОРЫН - 300 000ТГ (3 ЖҮЛДЕ)

ЭЛЕКТРОНДЫ ПОШТАСЫ: ABAI_FOND@MAIL.RU

БАЙҚАУ ЕРЕЖЕСІ ТУРАЛЫ ТОЛЫҚ АҚПАРАТ: WWW.FNN.KZ WWW.QAZAQ-FOUND.KZ WWW.ABAIALEMI.KZ

TEL.: 8 7172 27 26 09

Байқаудың мақсаты - Абай мұрасын кеңінен насихаттау, дарынды жас ғалымдарды анықтау. Абайды заман талабына сай жаңа қырынан танытуға, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасалуына ықпал ету.

Байқауға магистранттар мен студенттердің тек қазақ тіліндегі бұрын жарияланбаған, түпнұсқадағы ғылыми мақалалары қабылданады.

Қатысушылар берілген тақырыптар бойынша ғылыми мақалаларын ұсынады:

Студенттер үшін:

- 1) «Абай мұрасы - рухани жаңғыру өзегі»;
- 2) «Абай шығармашылығының рухани арналары»;
- 3) «Абайдың көркемдік-эстетикалық әлемі».

Магистранттар үшін:

- 1) «Абай шығармашылығының ренессанстық сипаты»;
- 2) «Қуғындалған абайтанушылар»;

3) «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі Абай дәстүрі».

Сыйақы қоры:

Студенттер арасында:

- 1 орын - 400 000ТГ (1 жұлде)
- 2 орын - 300 000ТГ (2 жұлде)
- 3 орын - 200 000ТГ (3 жұлде)

Магистранттар арасында:

- 1 орын - 500 000ТГ (1 жұлде)
- 2 орын - 400 000ТГ (2 жұлде)
- 3 орын - 300 000ТГ (3 жұлде)

Өтініштер мен мақалалар 2021 жылдың 1 сәуірінен 1 шілдеге дейін abai_fond@mail.ru электронды поштасы арқылы қабылданады. Жеңімпаздар 2021 жылдың тамыз айында белгілі болады.

Байқау ережесі туралы толық ақпаратты <http://fnn.kz/>, <https://www.qazaq-found.kz/>, <https://abaialemi.kz/> сайттарынан білуге болады.

Байланыс тел.: 8 7172 27 26 09, abai_fond@mail.ru

ҒАЛЫМ ӘЙЕЛДЕР ҮШІН АРНАЙЫ КВОТАЛАР ЕНГІЗІЛЕДІ

Өткен жылы гранттық қаржыландырудың жаңа түрлері енгізілді, оның ішінде шағын және халықаралық коллаборация бойынша гранттар бар, деп хабарлайды БҒМ баспасөз қызметі.



2020 жылы ғылыми жобалар бойынша 5 конкурс өткізілді. Ғылымды әкiмшiлендiру жүйесi жетiлдiрiлiп, жобалардан күтiлетiн нәтижелерге қойылатын талаптар арттырылды.

Жас ғалымдарды қолдауға да ерекше көңіл бөлініп отыр. «Біз ғалымдардың тағлымдамадан өтуі үшін 500 грант бөлу туралы тапсырма шеңберінде жұмысты ұйымдастырамыз. Сонымен қатар ҚР Президенті Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі отырысында жас ғалымдарға кемінде 1000 ғылыми грант бөлуді тапсырды. Қаржыландыру бар, жұмыс жүргізілетін болады. Жас зерттеушілерге қолдау көрсету үшін біз ғылыми гранттарға конкурстар жариялау кезінде арнайы квота енгіздік. Қазір біз жас ғалым әйелдердің санына қатысты да дәл осындай квотаны енгіземіз деп шешім қабылдадық. Бұл туралы біздің ғалым әріптестерімізбен кездесулерде бірнеше мәрте айтылған болатын», деді министр Асхат Аймағамбетов.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Саналы ұрпақ» студенттер клубы «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» жобасы аясында тәлімгер жастар арасында республикалық шығармашылық конкурсты ұйымдастырды.

«БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ»

«Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбына негізделген сурет салу байқауына еліміздің ЖОО-ның студенттері мен мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсене қатысты. ҚазҰУ «Саналы Ұрпақ» студенттер клубының жетекшісі Раузана Мамырханнның айтуынша, ЖОО-ның студенттері мен мектеп оқушылары арасында өткен республикалық конкурс нәтижесінде үздік деп танылған 34 сурет таңдап алынды. Республикалық байқауға қатысқан шығармашылық еңбектерге әділқазылар алқасының мүшелері республикалық жобалық офисінің жетекшісі Қайыржан Тоқышев, тәрбие жөніндегі департаменттің директоры Жұлдыз Есімова, жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Мәдина Исқақова, «Сұңқар» студенттік кәсіподақ төрағасы Нуриддин Бақдәулет және «Саналы ұрпақ» студенттік клубының мүшелері тиісті бағаларын берді.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, суреттер түрлі техникалар мен стильдерді пайдаланып салынған. Әрбір сурет байқауға қатысушының жемқорлық проблемасына деген көзқарасын, оның қоғамға, жеке адамдарға келтіретін зияндарын қалай сезінетінін, түсінетінін көрсетеді.

Мысалы, ҚазҰУ механика-математика факультетінің II курс студенті Махаббат Жұмағалиқызы өзінің суретінде жемқорлықтың тамыры бүкіл елімізге жайылғанын көрсеткісі келеді.

Ол Stop-коррупция деп жазылған Қазақстанның картасында екі адамның бір-біріне пара беріп тұрған сәтін бейнелепті. Ал IT факультетінің II курс студенті Назым Аманжолова басшының жұмыс орнына дейін апаратын көпірді доллармен бейнелеген. Көпірмен ақша көтерген пара беруші келе жатыр. Ал

көпірдің астында бір топ адам жұмысқа тұру үшін өз кезегін күтіп тұр. Бұл суреттің астарын түсіну қиын емес – проблеманың барлығы ақшамен шешіледі. «Менде патриоттық сезім оянды, осылайша бұл проблемаға көзқарасымды, өз ойымды ашық айттым. Бір қуантатыны қазіргі таңда еліміздің жастары сыбайлас жемқорлыққа қарсы жаппай күресуде. Мен де сол жастардың қатарында елімізде білімділердің заманы орнауына өз үлесімді қосам», – дейді Назым Аманжолова.

Тәуелсіз Қазақстанның жастары сыбайлас жемқорлықтың бүгінгі қоғамға жат ұғым екенін және онымен күресуге деген құлшыныстарын конкурсқа жіберген суреттерінен байқауға болады. Тәуелсіз еліміздің болашағы, жаңа заман жастары жемқорлық сияқты қылмыстық іс-әрекеттерге қашанда да қарсы тұруы керек. Байқауға қатысушылардың суреттері осыны айғақтайды. Олар жіберген әрбір сурет конкурстар талаптарына сай, тақырыпты ашатын, ынтамен салынған шығармашылық еңбек.

Байқаудың қорытындысы бойынша I орынға Т.Ж. Жүргенов атындағы ҚазҰОА колледжі I курс студенті Мадина Нұрдығалиеваның суреті лайық деп танылды. II орынды ҚазҰУ механика-математика факультетінің II курс студенті Жұлдыз Сейтбек, III орынды география және табиғатты пайдалану факультетінің III курс студенті Айзада Жанаева иемденді. Сондай-ақ, әділқазылар шешімімен «Ең креативті идея» номинациясы бойынша ҚазҰУ механика-математика факультетінің II курс студенті Махаббат Жұмағалиқызы, «Көрермендер көзайымы» номинациясы бойынша IT факультетінің II курс студенті Назым Аманжолова байқаудың жеңімпазы атанды.

Жеңістеріңіз құтты болсын!



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Тілшілер: Айнұр АҚЫНБАЕВА, Светлана ӨМІРҒАЛЕЕВА
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай: Svetlana.Umyrgaleyeva@kaznu.kz

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Басылымның Pdf нұсқасы www.kaznu.kz сайтына орналастырылды.

Бағасы келісім бойынша.

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.